Ағартушы реагент ретінде сутек пероксиді үлкен маңызыдылыққа ие [37-40]. Сілтілі ортадағы сутегі пероксиді құрамында лигнинді целлюлозасы бар целлюлозаны ақтығы 80-83 % көрсеткішке дейін ағарту үшін целлюлозды-қағаз өнеркәсібінде кеңінен қолданылады. Сутегі пероксидінің ағартқыш әсері оны боялған лигниннің түрлі карбонил құрамды құрылымдарымен өзара әсер ету қабілетіне байланысты деп есептейді. Сілтілі ортада сутегі пероксидінің ыдырау өнімдері лигнинді құрылымдардың тотығуын туындатады, ол гидрофильді (карбоксильді) топтардың енгізілуіне, кейбір буынаралық байланыстардың үзілуіне және сайып келгенде лигниннің еруіне әкеледі деп санайды. Сутегі пероксиді хромофорлы құрылымдарды жойса, оттегі керісінше оларды түзеді. Осының нәтижесінде, сутегінің асқын тотығымен ағарту талшықты жартылай дайын өнімдер үшін пайдаланады, алайда бұл кезде лигнин жойылмайды, тек қана түссіздендіріледі. Сутегі пероксидімен делигнификациялаудың артықшылығы төмен инвестициялық шығындар және соған сәйкес жоғары ағартушы әсер.

Сутегі пероксиді жұмсақ ағартушы реагенттер қатарына жатады және қолдану жеңілдігі, сонымен қатар процессті әрлеудің айтарлықтай жеңіл аппаратуралық қамтамасыздандырылуы, катализаторларды енгізу жылдамдығы мен оларды енгізу процессін бақылау мүмкіндігі, зиянды ағындарды минимизациялау сияқты бірқатар артықшылықтарға ие. Сутегі пероксиді целлюлозаны ағарту кезінде көпсатылы ағарту сызбасы бойынша басқа да реагенттермен үйлесе отырып қолданылады, оған қоса бір сатылы ағарту процессінде 60-70 % ақшылдылықты қамтамасыз ете отырып өзі жалғыз да қолданыла алады. Сутегі пероксидімен ағарту жоғары шығатын

талшықты жартылай фабрикаттар үшін немесе целлюлозаны сәндеу сатысында қолданылады [36].

Ағарту әсері иондардың электролитті диссоциациясына негізделген (1) формулаға сәйкес:



Белсенді ақтаушы реагент HO_2^- гидропероксильді ионы деп есептейді. Осы теңдікке сәйкес ерітіндінің сілтілігі артқан сайын гидропероксильді иондардың саны да артады [41]. Алайда жоғары жылдамдықта және жоғары сілтілікте сутегі пероксидінің ыдырауы да тездетіледі (2) формулаға сәйкес:



нәтижесінде пероксидтің ағарту әсері төмендейді. рН 9-дан төмен болғанда гидропероксильді иондар мүлде болмайды да, ағарту тоқтатылады. Сутегі пероксидімен ағарту кезінде натрий гидроксиді, натрий силикаты және магний сульфаты қосылады [42].

Пероксид көп мөлшерде шығуы бар жартылай целлюлозаны ағарту үшін және қарапайым целлюлозаны толыққанды ағарту үшін қолданылады. Осындай ағарту арқылы жоғары ақтыққа және өнімнің шығуы аздаған мөлшерге төмендегенде, түстің тұрақтылығына қол жеткізіледі [43, 44].

Сутегі пероксиді қатты тотықтырғыштар қатарына жатқандықтан, целлюлозаның делигнификациясы лигнинді тотықтыру нәтижесінде жүзеге асады. Авторлардың [45] айтуы бойынша, сутегі пероксидімен ақтау целлюлоза талшықтарының ішіне нашар диффундирлеуіне байланысты, тек беттік процесс.

1.5 Өсімдік шикізатынан алынған целлюлозаның қасиеттері және алу технологиялары

Соңғы жылдары целлюлозаны алуда баламалы шикізат көздерін іздестіру қарқынды жүргізілуде. Ағашты химиялық өңдеудің барлық түрлерінің ішінде, қазіргі таңда өндірістік целлюлозаны қайнату арқылы алу басты әдіс болып тұр. Қылқан жапырақты және жапырақты ағаш тұқымдары ресурстарының өсіп келе жатқан тапшылығы целлюлоза-қағаз өнеркәсібінің шикізат базасын кеңейту проблемасын тудырады. Бұл мәселені шикізат көзі ретінде біржылдық өсімдіктерді пайдалана отырып шешуге болады.

Өндірістік целлюлозаны алуда қосымша шикізат көзі ретінде біржылдық өсімдіктерді [46], мысалы жармалық дақылдардың [42] биомассасын пайдалануға болады.

[47] жартылай өткізбейтін кері немесе тікелей осмосты мембраналардың көмегімен, сілтілі қайнату сұйықтығын өңдеу нәтижесінде,

қайнату процесін жүргізуге энергия шығынын төмендету және экологиялық жүктемені азайту есебінен, процестің экономикалық және экологиялық көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік беретін, целлюлоза алу технологиясын әзірлеу бойынша зерттеулердің нәтижелері ұсынылған. Алайда физико-химиялық көрсеткіштер бойынша алынған целлюлоза жоғары сапа нормаларына сәйкес келмейді.

Так, ее белизна составляет всего 42-52 % при стандартных показателях белизны не менее 85-88 %. [48] сипатталған кендірден целлюлозаны өндіру технологиясы қолданылатын шикізаты импортты, ал сілтілі қайнату процессі қатты жағдайларда жүзеге асырыла отырып, жоғары сапалы өнім алынатын, мақтадан алынған целлюлозаның физико-химиялық көрсеткіштерімен салыстырмалы жақсартылған, жоғары сапалы целлюлозаны алуға мүмкіндік береді. Бұл процессте құрамында целлюлозасы бар шикізат сілтілі ерітіндіге батырылады, шайылады, ағартылады, шайылады, сығылады және кептіріледі, шаюдың алдында білігінде кезектесіп жасалған айдаушы және тежеуші иірменді саптамалары бар, екі шнекті аппаратта қосымша термомеханохимиялық өңдеу қосылады.

[49] патентте катализатор ретінде антрахинонды қоса отырып, концентрациясы 18 % артық емес натрий гидрототығында сілтілі қайнату сұйықтығын пайдалана отырып өндірістік қарасорадан целлюлозаны алу технологиясы сипатталады. Алынған целлюлозаны оттегімен және/немесе озонмен ағартады, қайнату сұйықтығын жартылай өткізгіш кері немесе тік осмос мембраналарының көмегімен өңдейді, регенерацияланған сілтілі қайнату сұйықтығын қайнату қазандығына қайнату сатысына қайтарады, бұл кезде қайнату температурасын 125-145 °C аралығында ұстайды.

[50] ұсынылған әдісті химиялық өңдеуде, мақта өндірісінде, қағаз өнеркәсібінде және т.б. құрамында целлюлозасы бар шөптекті өсімдіктерден целлюлоза өндіру үшін пайдалануға болады. Құрамында целлюлозасы бар шөптекті өсімдік шикізатын сілтілі ерітіндіге батып қояды, жуады, ағартады, жуады, сығады және кептіреді. Осындай тәсілмен алынған целлюлоза жоғары емес пайдалану сипаттамаларына ие, лигнин мен ағашталған бөлігінің көп болуымен ажыратылады.

[51] әрі қарайғы сульфатты қайнатумен өтетін, гидролиздеуші $\text{Na}_2\text{SC} > 3$ реагентінің сулы ерітіндісімен алдын ала өсімдік шикізатын гидролиздеу жолы арқылы, химиялық өңдеуге арналған целлюлозаны алу жолдары сипатталады. Осы әдіспен алынған целлюлоза жоғары емес делигнификация дәрежесіне және α -целлюлозаның аз мөлшеріне ие.

Дамып келе жатқан отандық целлюлозды-қағазды өндірістің заманауи талаптарына соңғы өнімі жоғары сапалы болатын, ҚР территориясында өсетін, шикізат негізінде арнайы технологияларды әзірлеу болып табылады.

Кендір қарасораның талшығы болып табылады, ал қарасораны көп жағдайда талшықты алу үшін өңдейді. Қазіргі уақытта Оңтүстік Қазақстан облысында «Қағаз Шахары» компаниясында целлюлозаны өндіру үшін

техникалық қарасораны культивирлеу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Өсуге бастау алған қарасора тез өседі, өзінің көлеңкесінде арамшөптерді қалдыра отырып, оларды білдіртпейді. Қарасора сабағының биікті бес метрге дейін жетеді. Қарасора мақта және зығыр сияқты агротехникаға талап қоймайды және ұқыпты күтімді қажет етпейді. Қарасораның жасыл массасын жинағанда зығырдан 10 есе асып түседі. Қайта егіс уақыты бір жылды құрайды және өзінен кейін топырақты жақсы күйде қалдырады [52].

Бастапқы отандық өнімді – қарасораның түрі ретінде, кендірді пайдалану, целлюлоза өндірісінде шикізат көзін кеңейтіп қана қоймайды, сонымен қатар тиімді және өзін өзі ақтайды. Отандық және дүниежүзілік нарықта жасанды және синтетикалық талшықтардың өндірісінің дамуына қарамастан, жыл өткен сайын кендірге деген сұраныс артып келеді.

[53] жұмыста целлюлозаны алуда шикізат көзі ретінде ұзындығы 5-40 мм кендір пайдаланылады. Кендірді май заттарынан, балшық қалдықтарынан, жерден тазарту, өнертабыс авторлары құрамында кальцийленген сода және беттік-белсенді зат бар ерітіндіде содамен қайнату арқылы жүзеге асырды. Содан кейін, талшықты қосымша 60-90 минут уақыт аралығында, 100-120 °C температурада, 10-15 г/л күкірт қышқылы бар ерітіндіде өңдеді. Құрамында ББЗ (синтанол) бар, натрий сульфидін қосу арқылы сілтілі ерітіндіде қайнату 100-120 минутты қамтыды, кейіннен екі сатылы жұмсақ сумен шаю жүргізілді: 100-120 °C ыстық сумен 15-20 минут және екіншісі 50-60 °C жылы сумен 15-20 минут. Ағартуды сутегі асқын тотығының сілтілі ерітіндісінде 95-105°C 270-360 минут аралықта жүргізілді. Осы сатыдан кейін 90-95 °C ыстық сумен 15-20 минут және 45-55 °C сумен тағы 15-20 минут шайылды, 10-25 °C 25-35 минут 3,0-3,5 г/л сірке қышқылында қышқылдандырылды, кейін жұмсақ жылы 45-55 °C сумен 15-20 минут аралығында шайылып, 6-8 % ылғалдылықта 40-60 °C температурада 70-120 % дейін артық ылғалды жою арқылы кептірілді. Алынған целлюлоза әртүрлі мақсатта қолдануға жарамды целлюлозаның қасиеттерімен сипатталатын, жоғары сапаға және физико-химиялық көрсеткіштерге ие болды. 1-3 мысалдар бойынша α -целлюлозаның массалық үлесі 98 %-дан кем емес; күлдің массалық үлесі 0,1-0,07 %; ақытығы 90 %-дан кем емес; динамикалық тұтқырлығы 102-950 мПа·с; дымқылданғыштығы 150 г кем емес.

Целлюлоза өндірісіндегі технологиялық және экологиялық мәселелер шикізат базасын кеңейтетін, жаңа техникалық шешімдерді қажет етеді. Жаңа тиімді материалдарды алуда, ағаштекті емес өсімдік шикізатынан органосольвентті-тотықтырушы әдіспен делигнификациялау алдыңғы қатарлы бағыттардың бірі болып табылады.

[54] патентте шикізатты кептіру, оны ұнтақтау және алынған бөлшектерді классификациялау, алынған целлюлозаны қайнатылған сұйықтықтан бөліп алу, қайнату қазандығында концентрациясы 18 %-дан кем

емес, натрий гидрототығын қосып, сілтілі қайнату сұйықтығын пайдалана отырып, техникалық қарасорадан целлюлозаны алу әдісі сипатталған.

Целлюлоза материалын алудың екі сатылы тәсілі, оған сәйкес қайнату процесі жоғары температурада ұсақталған өсімдік шикізатын сілтілі өңдеу жолымен жүргізіледі [55]. Екінші кезеңді қайнату органикалық фосфонатты тұрақтандырғыштың қатысымен перуксус қышқылының, сірке қышқылының және сутегі пероксидінің қоспасымен жүргізіледі. Құрамында целлюлозасы бар шикізат ретінде күріш сабанын (SiO_2 мөлшері 11,5 %), сұлы сабанын (SiO_2 мөлшері 4,5 %) және күріш дәндерінің жеміс қаптары (SiO_2 мөлшері 15,0 %) қолданылады.

Жарма және дәнді дақылдардың қалдықтары целлюлозаны, парфюмерлік және медициналық мақсаттағы өнімдерді (кремний диоксиді, пигменттер, бояғыштар) алу үшін құнды шикізат болып табылады. Бұл шикізаттың негізгі артықшылықтары – оның жыл сайынғы молайтылуы, қайнатудың кез келген тәсілдерімен қайта өңдеу мүмкіндігі, төмен құны.

Шикізаттың айрықша ерекшеліктеріне – гемицеллюлозаның көп мөлшері (пентозандар); күлділігі (кремний қышқылының тұздары); талшықтардың фракциялық құрамының біртекті еместігі (талшықты емес сипатты жасушалардың болуы); талшықтардың жұқа қалыңдығы; кей жағдайда бояғыштар мен пигменттердің көп мөлшері (мысалы, қарақұмықтың сабаны және кебегі) [10].

Осындай ерекшеліктердің болуы техникалық целлюлозаны алуда қиындықтар туғызады. Әдетте, ағаштекті емес өсімдік шикізатынан жартылай дайын талшықтарды алу мақсатында оны дәстүрлі сілтілік әдістермен өңдейді [56,57].

Алайда, кремний диоксиді сияқты өсімдік шикізатының минералды компоненттері қайнату кезінде сұйықтыққа аз ерігіш силикаттар күйінде өтеді.

Буландыру агрегаттарының түтіктеріндегі және басқа да жылытқыш жабдықтардың беттерінде силикатты қақтың пайда болуы олардың жылу берілісін төмендетеді және қондырғылардың өнімділігін азайтады. Осының салдарынан сілтілерді булау, каустизациялау және әк шламын күйдіру кезінде қиындықтар туындайды. Одан бөлек, сілтіде силикаттың болуы каустизация дәрежесінің төмендеуіне алып келеді. Сондықтан бір жылдық өсімдіктердің қайнатуынан сульфатты және натронды сілтілерді регенерациялау кезінде басты проблемалардың бірі – сілтілерді қатайту [58-62]. Бірақ қара сілтілерден кремний диоксидін алып тастағанда оның жылу шығару қабілеті төмендейді, бұл өртеу кезіндегі қиындықтарға әкеледі.

Осылайша, ағаштекті емес өсімдік шикізатын дәстүрлі әдістермен қайта өңдеу кезінде негізгі мәселелер мыналар болып табылады: үйінді салмағы аз және соның салдарынан пісіру қазанының толтырылу деңгейінің төмендігі; гемицеллюлоздың бұзылуы есебінен талшықты өнімнің төмен шығуы; талшықты жартылай фабрикатты қайта өңдеуді және сілтілерді

регенерациялауды қиындататын, ейорганикалық сипаттағы компоненттердің жоғары құрамының болуы.

Сондай-ақ, ағаштекті емес шикізаттан бөлінген кремний диоксиды – өзінің сипаттамасы бойынша парфюмерияда, фармацевтика және бояу шығару өндірісінде қолданылатын құнды өнім болып табылады [63].

Пероксикарбон қышқылдарын пайдалану арқылы пісірудің ең зерттелген және сынақтан өткізілген нұсқасы МИЛОКС тәсілі болып табылады [64], оның негізгі артықшылығы оның экологиялылығы болып табылады, яғни біржылдық өсімдіктерде кремний құрамының жоғары болуымен байланысты химикаттардың регенерациясы кезінде қоршаған ортаға зиянды әсердің іс жүзінде толық болмауы. Бұл МИЛОКС тәсілі қышқыл ортада жүзеге асырылады, соның нәтижесінде кремний сілтіге өтпестен целлюлозада қалады және сілтілі ағарту кезінде одан шығарылады.

МИЛОКС әдісі арқылы целлюлоза өндіруде шикізат ретінде целлюлозалы талшықты алуда қолайлы химиялық құрамы және жоғары өнімділігі бойынша, *Festuca arimdinacea* және *Phalaris arundinacea* астық тұқымдастары пайдаланылады. Басты компоненттерінің құрамы: целлюлоза 34-39 %, арабиноглококсилан 24 %, лигнин 19-23 %, кремний (SiO_2) 3 %, басқа да заттар 1-20 %.

МИЛОКС әдісімен қайнату кезінде басты реагент – құмырсқа қышқылы. Біржылдық өсімдіктерді қайнатуда екі сатының болуы белгіленген: I сатыда H_2O_2 -мен, II сатыда құмырсқа қышқылымен және H_2O_2 -мен. Сатылардың орналасу реті қайнату нәтижесіне әсер етпейді. Шикізат 10-15 % ылғалдылықта вакуум астында 83 % концентрациялы техникалық құмырсқа қышқылымен 30 минут аралығында сіңіріледі. Кейін 100-120 °C температурада 45-180 минут аралықта 5 гидромодулде қайнату процессі өтеді. Қайнағаннан кейін қайнау сұйықтығы алынады, массасы талшыққа бөлінеді. Екінші сатыда балғын құмырсқа қышқылына тура сол концентрациядағы H_2O_2 (шикізат массасына байланысты 0-5 %) қосылады да, 4 гидромодулде 80 °C қайнатылады, 80 °C көтеру 90 минут жүреді, соңғы температурада 60 минут тұрады.

Кейін масса 83 % құмырсқа қышқылымен және сумен шайылады. Целлюлоза массасына байланысты 2,0-2,5 % H_2O_2 шығынымен сілтілі (pH 10,5) гидропероксидті ағарту жүргенде, целлюлозаның Каппа саны қайнатудан кейін 11,0-13,5 жеткенде, ақтық 80-85 % дейін жүзеге асады. I сатыда қайнату ұзақтығын созу және II сатыда H_2O_2 шығынын арттыру соңғы ақтыққа көп әсер етпейді. Біржылдық өсімдіктерден қиын ағартылатын целлюлозаны ағартуда сызбаға гидропероксидті ағартудан бөлек, оттекті және озонды сатыларды (мысалы, фосфор қышқылы) қосу арқылы жоғары ақтыққа қол жеткізу мүмкіндігі бар. Қайнату кезінде целлюлозаның массасына байланысты 1,5 % H_2O_2 шығыны келесі гидропероксидті ағартуға қатысты лигнинді белсендіру үшін жеткілікті. Алайда, МИЛОКС әдісі

арқылы қайың целлюлозасын ақтауға кеткен H_2O_2 шығыны, біржылдық өсімдіктерді ақтауға кеткен шығыннан аз [64].

Делигнификация процесі үшін лигнинге қатысты органикалық реагенттің реакциялық қабілеті маңызды. Лигнинді алып тастау-күрделі процестің нәтижесі: еріткіш молекуласының полимерге бастапқы диффузиясы, содан кейін макромолекулалар арасында сольватты қабат түзумен молекулааралық сутегі байланыстарының үзілуі және органикалық еріткіште полимердің ісінуі. Реагенттің сұйық фазадағы процестерге әсер етуі химиялық процестерді басқарудың өте аз ғана әдістерінің бірі ретінде пайдаланылады, оның ерекшелігі химиялық жүйедегі еріткіш бір мезгілде орта және химиялық агент болып табылады. Целлюлозаны қайнату өсімдік материалының делигнификациясын қамтамасыз ету керек. Бұл процесске көптеген морфологиялық, физико-химиялық және химиялық факторлар әсер етеді.

Делигнификацияға әкелетін химиялық реакциялардың ерекшелігі-бұл жоғары молекулалық қосылыстардың гетерогенді реакциялары, онда полимер құрылымында реакциялық орталықтардың қол жетімділігі үлкен рөл атқарады. Реагент лигниннің жойылуына әкеліп соғатын барлық процесстердің кешеніне әсер етуге қабілетті. Органикалық композициялардың көмегімен қайнау ортасының құрамы мен қасиеттерін өзгерте отырып, клеткалық қабырғаның полимерлік компоненттерінің ісіну дәрежесіне және релаксациялық сипаттамаларына, делигнификация өнімдерінің ерігіштігіне, массоперенос процестеріне және химиялық реакциялардың ағымына әсер етуге болады. Реагент табиғатының ісінуге және полимердің еруіне әсер етуін болжау қиын. Бұл әсіресе жеке еріткіштерде нашар немесе мүлде ерімейтін, жоғары еритін заттарға қатысты қабілеті бар реагенттер қоспасының маңызды артықшылығы болып табылады [64].

2 Тәжірибелік бөлім

2.1 Бастапқы заттарға сипаттама

2.1.1 Материалдар

Бастапқы материал ретінде пайдаланылды:

а) *арамшөпті түрдегі қарасора*, Қазақстан Республикасы аумағында, Жамбыл облысынла, Шу қаласында өсірілген. Қарасора сабағының ұзындығы 60 см, диаметрі – 0,8 см, массасы – 45г.

б) *күріш кебегі*, күріш өндірісінің қалдығы (қызылорда облысы). Кебек ұзындығы – 0,9 см, жалпақтығы – 0,2 см, массасы – 20г.

с) *қамыс* – Алматы облысы территориясында өсірілетін өнім. Сабак ұзындығы – 120 см, диаметрі – 1,2 см, массасы – 20г.

2.1.2 Реагенттер

Тәжірибелік зерттеулерді жүргізу үшін келесі реагенттер пайдаланылды:

а) *натрий гидроксиді (NaOH)* – «ТОО Лабофарма» фирмасының коммерциялық үлгісі қолданылды (Қазақстан).

б) *сутегінің асқын тотығы (H₂O₂)* – 37 % концентрациялы «ТОО Лабофарма» фирмасының коммерциялық үлгісі қолданылды (Қазақстан).

в) *сірке қышқылы (CH₃COOH)* – 70 % концентрациялы «ДХЗ-производство» фирмасының коммерциялық үлгісі қолданылды (Ресей).

2.2 Тепе-тең перуксус қышқылын дайындау және талдау

Қажет концентрациядағы перуксус қышқылын (ПУК) алу үшін композициясының құрамына кіретін барлық реагенттердің мөлшерін есептеу керек. Сол себепті бастапқы компоненттердің талдауы жүргізіледі.

2.2.1 Сутегі асқын тотығының концентрациясын анықтау

Сулы ерітіндідегі H₂O₂ концентрациясын калий перманганатымен титрлеу әдісімен жүргізіледі, егжей-тегжейлі [65] сипатталған. Зерттелетін сутегі асқын тотығынан 1 мл алынып 100 мл өлшегіш колбаға енгізіліп, дистилденген сумен керек мөлшерге дейін жеткізіледі. Алынған ерітіндіден пипеткамен титрлеуге арналған колбаға 10 мл аныады, 2N H₂SO₄ ерітіндісінен 1 мл және дистилденегн судан 30 мл құйылады. Алынған қоспаны калий перманганатының 0,1N ерітіндісімен тұрақты қызғылт бояу пайда болғанша титрлейді. Сутегі пероксидының (CH₂O₂, %) концентрациясы келесі формула бойынша есептеледі:

$$C_{H_2O_2} = \frac{V_{KMnO_4} N_{KMnO_4} mЭ \cdot 100 \cdot 1000}{V_{ПР}} \quad (3)$$

мұндағы V_{KMnO_4} – үлгіні титрлеуге жұмсалған, $KMnO_4$ ерітіндісінің көлемі, мл;

N_{KMnO_4} – калий перманганатының нормалылығы (0,1 N);

$mЭ$ – сутегі пероксидінің миллиэквиваленті (0,017 мг/моль);

$V_{ПР}$ – титрлеуге алынған үлгінің көлемі (10 мл).

2.2.2 Сірке қышқылының концентрациясын анықтау

Мұзды сірке қышқылының сулы ерітіндісінде сірке қышқылының концентрациясын айқындау натрий гидроксиді ерітіндісімен тікелей титрлеу арқылы жүргізіледі. Зерттелетін сірке қышқылынан 1 мл алынып 100 мл өлшегіш колбаға енгізіліп, дистилденген сумен керек мөлшерге дейін жеткізіледі. Алынған ерітіндіден 10 мл аликвота алынып, титрлеуші колбаға ауыстырылады, үстінен 10 мл дистилденген су және 3-5 тамшы фенолфталеин тамызылады. Алынған қоспаны натрий гидроксидінің 0,1N ерітіндісімен тұрақты қызғылт бояу пайда болғанша титрлейді. Сірке қышқылының концентрациясы (C_{CH_3COOH} , %) төмендегі формула бойынша есептелінеді:

$$C_{CH_3COOH} = \frac{V_{NaOH} N_{NaOH} mЭ \cdot 100 \cdot 1000}{V_{ПР}}, \quad (4)$$

мұндағы V_{NaOH} – үлгіні титрлеуге жұмсалған, NaOH ерітіндісінің көлемі, мл;

N_{NaOH} – натрий гидроксидінің нормалылығы (0,1 N);

$mЭ$ – Сірке қышқылының миллиэквиваленттілігі (0,06005 мг/моль);

$V_{ПР}$ – титрлеуге алынған үлгінің көлемі (10 мл).

2.2.3 Тепе-тең перуксус қышқылын алу (тПУҚ).

тПУҚ-н сірке қышқылын (96,0 %-дан кем емес) және сутегінің асқын тотығын (33,0-35,6 %) 20 ± 5 °C температурада араластыру арқылы алады. Сірке қышқылы мен сутегі асқын тотығы тұрақты 1,5:1 қатынасымен сақталады.

Сірке қышқылының қажет көлемі цилиндрмен өлшеніп 500 мл колбаға ауыстырылады. Осы колбаға көлемі пипеткамен өлшеніп алынған сірке қышқылының қажет мөлшері қосылады. Араластырып болғаннан кейін, дайын қоспаға бюретканың көмегімен сутегі асқын тотығының қажет мөлшері тамшылап қосылады. Тамызу аяқталғаннан кейін қоспа араластырылып 24 сағатқа бөлше температурасына қалдырылады. Дайын тПУҚ тоңазытқышта сақталады.

2.3 Техникалық целлюлозаны алу әдістемесі

Ағаштекті емес өсімдік шикізатынан сатылы сілтілі органосольвентті қайнатумен целлюлоза алудың ең қолайлы әдісі [66] әдебиетте сипатталған, бейімделген нұсқа осы жұмыста қолданылған.


Ағаштекті емес өсімдік шикізатынан техникалық целлюлозаны алу екі сатыда жүргізілді: бірінші саты – сілтілі өңдеу, екіншісі – органосольвентті қайнату. Екі саты да зертханалық LR-2.ST реакторлы жүйесінде жүргізілді.

Бірінші сатыда NaOH сулы ерітіндісімен шикізатты өңдеу келесі жағдайларда жүзеге асады: гидромодуль 1:10; NaOH концентрациясы 0,2-1н.; сілтінің шығымы 9,6-48,0 %; өңдеу температурасы 90 °С; температураның көтерілу ұзақтығы – 15 мин; сілтілі өңдеудің ұзақтығы 60-240 мин. Алынған талшықты материал дистилденген сумен бейтарап ортаға дейін жуылады, ауада кептіріледі және талдалады.

Екінші саты (органосольвентті қайнату): талшықты материалды тепе-тең перуксус қышқылымен (тПУҚ) келесі жағдайда өңдеу: сұйық модуль 1:10; өңдеу температурасы – 90 °С; температураны көтеру ұзақтығы – 20 мин; өңдеу ұзақтығы – 90 мин; а.с.с. шамасынан 0,8 г-нан 1г тПУҚ айналдырудағы қаунату композициясының шығымы. Қайнату композициясының құрамы: тПУҚ, а.с.с. массасынан 0,01 % мөлшеріндегі пероксидті байланыстардың ыдырау тұрақтандырғышы. Қайнату аяқталғаннан кейін алынған техникалық целлюлозаны бейтарап реакция пайда болғанша дистилденген сумен жуады.

2.4 Қағаз құймаларын алу

Тұрақты массаға дейін кептірілген целлюлоза үлгілері 0,20л сумен 24 сағат аралықта периодты араластыру арқылы ұнтақталады. 3-суретте суда ұнтақталған целлюлозаның жалпы көрінісі бейнеленген.




3 Сурет – Суда ұнтақталған целлюлоза

Біртекті массаны алу үшін целлюлозаға 0,75л су қосылып, блендермен 30с ұнтақтақталды (4 Сурет). Қағаз құймаларын қалыптастыру үшін целлюлозалы массаға әртүрлі қатынаста (1-3 мл) BASF желімі қосылады.




4 Сурет – Целлюлозадан алынған қағазды масса

Кептіру процессі қағазды заттарды кептіру құрылғысында 80 °С температурада 5 мин жүргізілді. 5-суретте кептіргіш құрылғының жалпы көрінісі көрсетілген.



5 Сурет – Қағазға арналған кептіргіш құрылғы

Алынған қағаз тұрақты массаға дейін бөлме температурасында пресстеп кептірілді. 6-суретте алынған қағаз үлгіледі көрсетілен.



1 – құрамында желім жоқ қарасора целлюлозасынан алынған қағаз; 2 – құрамында «BASF» маркалы желімнің 1 мл бар қарасора целлюлозасынан алынған қағаз; 3 – құрамында «BASF» маркалы желімнің 2 мл бар қарасора целлюлозасынан алынған қағаз; 4- құрамында «BASF» маркалы желімнің 3 мл бар қарасора целлюлозасынан алынған қағаз; 5 – құрамында желім жоқ сұлы сабанының целлюлозасынан алынған қағаз; 6 – құрамында «BASF» маркалы желімнің 1 мл бар сұлы сабанының целлюлозасынан алынған қағаз; 7 - құрамында желім жоқ күріш кебегінің целлюлозасынан алынған қағаз.

6 Сурет – Әртүрлі ағаштекті емес шикізат целлюлозаларынан алынған қағаз үлгілері

2.5 Зерттеу әдістері

Зерттеулер Satbayev University инженерлік профиль зертханасында, Полимерлі материалдар мен технологиялар институтында (Алматы қ.), Орал мемлекеттік орман техникалық университетінің целлюлоза-қағаз өндірісі технологиясы және полимерлерді қайта өңдеу кафедрасының оқу-зерттеу зертханасында (РФ) жүргізілді

2.5.1 Оптикалық эмиссиялық спектрометрия (ICP-OES) және плазмамен индуктивті байланысқан масс-спектрометрия (ICP-MS) әдістері

Талшықтарды сипаттау үшін Lorentzen & Wettre (Швеция) фирмасының Fiber Tester анализаторы пайдаланылды. Целлюлоза шикізаты және үлгілері оптикалық эмиссиялық спектрометрия (ICP-OES) және плазмамен индуктивті байланысқан масс-спектрометрия (ICP-MS) әдістерімен сипатталды.

Екі сараптама үшін өсімдік материалының үлгілері ETHOS 1 Advanced Microwave Digestion System, Milestone (Италия) аппаратында микротолқынды бұзу әдісімен дайындалды. Өсімдік материалы (шамамен 0,50 г) мен ерітіндісі (7 мл HNO_3 (65 %) және 1 мл (30 %)) бар кюветалар герметикалық жабылып, микротолқынды пештің айналмалы роторына орналастырылды. Температуралық бағдарламада жүйе температурасы 200 °C дейін көтеріліп, сол температурада 10 мин бойы тұрады.

Ағаштекті емес өсімдік шикізатынан алынған целлюлозды материалдар үшін үлгілер келесі түрде әзірленді: үлгі (0,50 г) ілмесіне 3 мл HNO_3 (65 %) және 9 мл H_2O_2 (30 %) қосылады. Кюветалар герметикалық жабылып, микротолқынды пештің айналмалы роторына орналастырылады. Температуралық бағдарлама: алғашқы 5 мин температура 90 °C дейін көтеріледі, кейін 10 мин 140 °C дейін көтеріледі, одан кейін 5 мин уақытта 180 °C дейін температура көтеріліп, 10 мин 180 °C температураны сақтап тұрады. Бірінші және екінші сериядағы микротолқынды бұзу аяқталғаннан кейін үлгілер филтрленеді, ерімейтін тұнба алынады, көлемі 50 мл өлшегіш колбада сұйылтылады.

ICP-OES-әдісімен макро- және микрокомпонеттердің концентрациясы анықталады. 2 % (об./об.) HNO_3 -тың стандартты ерітінділерінің сериясы әзірленді. Есептеу үшін стандартты калибраторлық ерітінділер пайдаланылды. ICPOES-әдісімен сандық бағалау үшін қолданылатын эмиссионды сызықтардың толқын ұзындығы: Al – 394,4; 396,1 нм; Fe – 238,2; 259,9 нм.

ICP-MS-әдісімен үлгілердегі элементтердің іздік және ультраіздік саны анықталды. 1 % (об./об.) HNO_3 -тың стандартты ерітінділерінің сериясы әзірленді. Есептеу үшін стандартты калибраторлық ерітінділер

пайдаланылды. ICP-MS-әдісімен элементтерді сандық бағалау үшін қолданылған изотоптар: Cr 52; Rb 85; Cd 112, 114.

2.5.2 Целлюлоза талшығын микроскопиялық зерттеу

Целлюлоза талшығын микроскопиялық зерттеу үшін растрлық электронды микроскоп (РЭМ) қолданылды. РЭМ құрылғысы (SEM) – кеңістіктік рұқсаты жоғары (0,4 нанометрге дейін) объектінің үстіңгі бетінің морфологиясын алуға арналған, сондай-ақ беткі қабаттардың кейбір басқа қасиеттері, құрылымы және құрамы туралы ақпарат беретін электронды микроскоптар классына жататын құрал. Зерттелетін объектімен электрондық шоғырдың өзара әрекеттесу принципіне негізделген.

Үлгілерді талдау үшін төмен вакуумды растрлық электронды микроскоп пен «Jeol JSM-6490 LA» энергия дисперсті рентгенді микроталдау жасайтын жүйемен кешенді қолданылды.

2.5.3 Инфрақызыл спектроскопия

Инфрақызыл спектроскопия (ИК-Фурье спектроскопия), толқын ұзындығының 10-6-дан 10-3 м аралығы диапазонындағы, инфрақызыл аудандағы электромагнитті таралудың шағылысу және жұтылу спектрін зерттейтін, молекулярлы оптикалық спектроскопияның бөлімі. Толқын ұзындығы сәулесінің жұтылу қарқындылығы координатасында инфрақызыл спектр максимумдар мен минимумдардың үлкен саны бар күрделі қисық түрінде бейнеленеді [80].

Инфрақызыл спектроскопия әртүрлі органикалық және бейорганикалық байланыстардың құрылымдық ерекшелігін зерттеуде қолданылатын, әмбебап физико-химиялық әдіс болып табылады. Әдіс инфрақызыл диапазондағы электромагниттік сәулеленудің сыналатын объектісінің атомдар топтарының жұтылу құбылысына негізделген [67,68]. Жұтылу инфрақызыл жарық кванттарының әсерінен молекулалық тербелістердің козуына байланысты.

Қатты денелердің бетіндегі спектрларды тіркеу үшін толық ішкі шағылысудың бұзылған әдісі қолданылады. Ол зерттелетін беттермен оптикалық байланыста болатын толық ішкі шағылысу призмасынан шығатын электромагниттік сәулелену энергиясы затының беттік қабатының жұтуына негізделген.

Инфрақызыл спектроскопия әдісінің оң ерекшелігі әртүрлі заттардың атом топтарының тербелістерінің бір түрін сіңіру жолақтары инфрақызыл спектрдің белгілі бір диапазонында орналасқаны болып табылады (мысалы, ОН, 3050-2850 см^{-1} топтары мен органикалық заттардың -CH, -CH₂, -CH₃ топтарының валентті тербеліс диапазоны 3720-3550 см^{-1}) [69]. Осы диапазон шегінде атом тобының сіңіру жолағының максимумының нақты жағдайы

заттың табиғатын көрсетеді (осылайша, 3710 см^{-1} максимумы –ОН топтардың болуын көрсетсе, 3030 см^{-1} максимумы =С-Н ароматикалық құрылым топтарының болуын көрсетеді).

ИК-Фурье спектрлері Agilent (АҚШ) фирмасының «Carry 660» спектрофотометрінде алынды.

2.5.4 Дифференциалды сканерлеуші калориметрия

Дифференциалды сканерлейтін калориметрия (ДСК) белгілі бір жылдамдықпен, бірдей температуралық жағдайларда, қыздыру немесе салқындату кезінде температураға байланысты зерттелетін үлгі мен стандарт арасындағы температураның нөлдік айырмашылығын анықтау үшін қажетті энергия тіркелетін әдіс болып табылады [70].

ДСК әдісі әдеттегі изотермиялық және адиабатикалық әдістердегі сияқты жылудың жалпы мөлшерін емес, жылу қуатын анықтауға мүмкіндік береді, бұл ретте өлшеу тұрақты жылдамдықпен жүйені үздіксіз қыздыру кезінде жүргізіледі және шаманың температурасына тәуелділікті анықтайды [70]. Бұл функцияның интегралында реакция энтальпиясы бар, ал энтальпияның ΔH әр түрлілігі бекітілмеген және ішінара қатырылған үлгілердегі шайырдың қатаю дәрежесінің сипаттамасы ретінде қолданылады.

Дифференциалды сканерлеуші құрылғының көмегімен балқу және жану температурасы анықталады. Құрылғы екі тигельден тұрады (сонымен қатар таба деп те атайды). Бірінші тигельге зерттелетін полимерлі үлгі салынады. Ал екінші тигель салыстыруға арналған және ол бос күйінде қалады. Әрі қарай қыздыру процесі жүреді. Екі тигель қыздырғышқа қойылады. Барлық процесс компьютермен бекітіліп отырады. Қыздыру функциясын басқанда, талдау іске қосылады. Компьютер екі қыздырғышты да қосып, белгілі бір жылдамдықпен, әдетте шамамен минутына 100°C , тигельдарды қыздыруға бұйрық береді [71]. Компьютер барлық эксперимент барысында қыздыру жылдамдығының бірдей болуын бақылайды.

Дифференциалды-сканерлеуші калориметрия Setaram (Франция) фирмасының аргон атмосферасында қыздыру $2^\circ\text{C}/\text{мин}$ жылдамдықпен жүретін, температура диапазоны $40\text{--}400^\circ\text{C}$ болатын, «dSc131_{ev0}» құрылғысында жүзеге асты.

2.5.5 Термиялық гравиметриялық талдау

Термогравиметриялық әдіс белгілі бір уақыт аралығында, температураны сызықты жоғарлату кезіндегі, сонымен қатар оны кептіру және бұзу жүретін үлгі массасын бақылауға негізделген. Осы процесстер бірнеше сатыда жүреді. Мысалы, кептіру кезінде бірінші бос, кейіннен тығыз байланысқан кристаллизацияланған ылғал жойылады [70]. Әрі қарайғы қыздыру кезінде заттың пиролиз процесі жүреді, бұл процесс те көп сатылы

болуы мүмкін. Көрсетілген процесстердің әрқайсысы заттың тұрақты бір температураға жеткен кезінде өтеді және массаның жоғаруымен қатар өтеді. Сол себепті, үлгі массасының қызыдыру температурасына тәуелділігін көрсететін графикте кейбір температураларда заттың белгілі бір термиялық айналуы кезіндегі кезеңге сәйкес массаның өзгеруі тіркеледі.

Динамикалық термогравиметриялық өлзгерістер аргон атмосферасында температура интервалы 30-700 °C болатын Setaram (Франция) фирмасының ДТА-ТГА LabSys_{evo} анализаторының көмегімен жүзеге асты. Қыздыру жылдамдығы 10 °C/мин.

2.5.6 Қағаздың сорбциялық қасиетін зерттеу

Қағаз құрылымына сұйықтықтың ену қабілетін зерттеу «Emtec PDA.C 02 Module PEA» аппаратында орындалды.

«Emtec PDA.C 02 Module PEA» құрылғысы алғашқы миллисекунд ішінде (беттік кеуектілік) және сұйықтықтың беткі қабатпен (гидрофобтылық және беттік желімдеу) жанасуынан кейінгі уақыт аралығында сынақ сұйықтығы мен үлгі беті арасындағы өзара әрекеттесуді өлшеуге мүмкіндік береді. Құрылғыда сәйкес тест сұйықтықтарын пайдалану қажет мәліметті береді. Құрылғы үлгі сапасының салыстырмалы параметрлерін автоматты түрде есептейді.

Emtec PEA өлшеу құрылғысының техникалық сипаттамалары:

- жиілікті өлшеу (1 МГц және 2 МГц);
 - өлшеу нәтижелері (уақыт қарқындылығы-график, автоматты түрде есептелген мәндер);
 - сыналатын сұйықтықтар (су, тұтқырлығы аз және орта мөлшердегі органикалық және бейорганикалық сұйықтықтар);
 - ДК арналған бағдарламалық қамтамасыздандыру (барлық таралған операциялық жүйелер);
 - деректер құрылымы (ASCII файлы);
 - жұмыс кернеулері (110 В 60 Гц / 220 В 50 Гц);
 - шамамен 15кг салмақ.
- PEA камерасы арқылы келесі параметрлер өлшенді:
- t_{max} – қағаз құрылымына сұйықтықтың ену қарқындылығы максимумға жеткен уақыт;
 - t_{95} – ену қарқындылығы 95 % дейін түскен уақыт;
 - V – ылғалдану фазасы;
 - Variance – қисықтың орташа мәнінен бір қисық мәнінің графиктен ауытқуы.

2.5.7 Қағаз құймаларының оптикалық қасиеттерін зерттеу

Қағаздың ақтығы ISO, CIE D65/10° и CIE C/2° стандарты бойынша Konica Minolta фирмасының «CM-2500» модельді портативті спектрофотометрінің көмегімен жүзеге асты.

ISO (MEMST 30113-94) бойынша ақтықты анықтау әдісі 457 нм толқынның тиімді ұзындығы кезінде спектрдің көк аймағында 100 % - ға қабылданатын абсолюттік шашыратқыштың шағылысу коэффициентіне қатысты үлгілердің жарық өткізбейтін табанының беттік диффузды шағылысу коэффициентін өлшеуге негізделген. Спектрдің көк аймағындағы диффузиялық шағылысуы немесе ақтығы – құралдағы тиімді толқын ұзындығы 457 нм болатын ішкі диффузиялық шағылысуы.

CIE D65 / 10° жарық беруші бойынша ақтықты анықтау әдісі (күндізгі жарық MEMST P ИСО 11475-2010) қағаз бен қатырма қағаз бетінің энергетикалық жарықтылық коэффициентін толқынның 457 нм тиімді ұзындығы (ИСО бойынша ақтық немесе жарықтық) кезінде, спектрдің көк аймағында, диффузды шағылысу коэффициентін өлшеуге қарағанда, спектрдің толық көрінетін аймағында (CIE бойынша ақтық) өлшеуге негізделген.

CIE C/2° жарық беруші (жасанды жарық беру MEMST P ИСО 11476-2010) бойынша ақтықты анықтау әдісі CIE D65/100 бойынша ақтықты анықтау әдісіне ұқсас. Бөлмедегі күндізгі жарыққа сәйкес, ультракүлгін жарықты қамтитын болғандықтан, оңтайлы жарық беруші ретінде C таңдалды.

2.5.8 Қағаз құймаларының механикалық қасиеттерін зерттеу

Созылу кезінде қағаз құймаларының жырмалану және беріктікке қарсы тұруын зерттеу «Texture analyser. XT plus» құрылғысында зерттелді. Бұл құрылғы созылу және қысу сияқты Юнг модулі, сонымен қатар материал беріктігінің шегі сияқты механикалық сипаттамаларды анықтауға мүмкіндік береді.

Буландыру агрегаттарының түтіктеріндегі және басқа да жылытқыш жабдықтардың беттерінде силикатты қақтың пайда болуы олардың жылу берілісін төмендетеді және қондырғылардың өнімділігін азайтады. Осының салдарынан сілтілерді булау, каустизациялау және әк шламын күйдіру кезінде қиындықтар туындайды. Одан бөлек, сілтіде силикаттың болуы каустизация дәрежесінің төмендеуіне алып келеді. Сондықтан бір жылдық өсімдіктердің қайнатуынан сульфатты және натронды сілтілерді регенерациялау кезінде басты проблемалардың бірі – сілтілерді қатайту. Бірақ қара сілтілерден кремний диоксидін алып тастағанда оның жылу шығару қабілеті төмендейді, бұл өртеу кезіндегі қиындықтарға әкеледі.

Stable Micro Systems, Англия компаниясының сынау машиналары қатты заттардың, тұтқыр сұйықтықтардың, ұнтақтардың және түйіршіктелген материалдардың реологиялық қасиеттерін зерттеуге арналған іргелі, эмпирикалық және имитациялық тесттерді жүргізуге мүмкіндік береді және азық-түлік, бұрғылау, фармацевтика, косметикалық, тоқыма және басқа да өнеркәсіп салалары өнімдерінің қаттылығын, икемділігін, тұтқырлығын, ағымдылығын, консистенциясын, адгезиясын және басқа да параметрлерін бағалауға мүмкіндік береді. 7-суретте «Texture analyser. XTplus» құрылғысы көрсетілген.




7 Сурет – «Texture analyser. XTplus» құрылғысы

3 Нәтижелер мен талқылау

[19-25] әдебиет көздерінен бір жылдық өсімдіктерде целлюлоза мөлшері 20-80 % аралығында болатыны белгілі. 2.3 бөлімде жазылған әдістеме бойынша целлюлозалы масса үш түрлі шикізат көзінен алынды. Зертханалық жағдайда қарасорадан целлюлозаның шығуы 53 % болса, қамыстан – 51 % және күріш кебегінен – 48 % құрады.

8-суретте әртүрлі ағаштекті емес шикізат көздерінен алынған целлюлозды материал үлгілері көрсетілген.




a – күріш кебегінен; b – қамыстан; c – қарасорадан

8 Сурет – Ағаштекті емес шикізат көздерінен алынған целлюлозды материал үлгілері

Қарасорадан, сұлы сабанынан және күріш кебегінен алынған целлюлоза үлгілерінің түстік әртүрлілігі целлюлозалы массаны сутегінің асқын тотығын қолдана отырып, әртүрлі ағарту деңгейімен байланысты болуы мүмкін. Айта кету керек, сутегінің асқын тотығы «жұмсақ» ағартқышқа жатады және оны қолдану қоршаған ортаға зиянсыз және экономикалық жағынан тиімді.

3.1 Өсімдік шикізатынан алынған органосольвентті целлюлозаның қасиетіне сілтілі өндеудің әсерін зерттеу

Бір факторлы эксперименттерде қарасора арамшөбін сілтілі өндеу зерттеу нәтижелері 9-11-суреттерде көрсетілген.




9 Сурет - Талшықты материалдағы минералды компоненттің сілті концентрациясының өндеу уақытына тәуелділігі

9-суретте көріп тұрғанымыздай, сілтілі ерітіндінің концентрациясы артқан сайын өсімдік шикізатының құрамындағы минералды компоненттер тиімді жойылады. Минералды компоненттерді өндеудің бірінші сағатында а.қ.ш. құрамындағы минералды компоненттер сілті концентрациясына байланысты 67,3 %-дан 71,3 %-ға дейін жойылады. 0,2...0,5 н. концентрация үшін әрі қарайғы өндеу бірдей қарқындылықпен өтіп, минералды компоненттің а.қ.ш.-нан тағы да 6,0-9,5 % жоюға мүмкіндік береді. Сілтінің максималды концентрациясында процесс әлдеқайда тиімді өтеді де а.қ.ш.-нан тағы да 14,5 % жойылады.

Осылайша, сілтінің 1н. концентрациясын пайдаланғанда талшықты материалдан минералды компоненттің 86 % жойылса, қалған жағдайда бастапқыдан 73,5...79,6 % жойылады.

10-суретте сілті концентрациясы мен өндеу ұзақтығына байланысты талшықты материалдың шығу тәуелділігі көрсетілген.



10 Сурет – Сілті концентрациясы мен өңдеу ұзақтығына байланысты талшықты материалдың шығу тәуелділігі

10-суретте көріп тұрғанымыздай, өңдеудің бірінші сағатында, сілтінің 1н. концентрациясында а.қ.ш.-дан шығу 50 % жоғары көрсетті. Сілтінің 0,5н. ерітіндісімен өндегенде бастапқыдан шығу 56,8 % құрайды; сілтінің 0,2 және 0,3н. ерітіндісімен өндегенде бастапқы материалдан талшықты материалдың шығуы іс жүзінде бірдей және 56...57% құрайды. 1н. сілтіні пайдаланғандағы шығудың төмендеуі минералды компоненттер мен лигниннің жойылуымен қатар, процесс іріктегіштігінің төмендігі есебінен қарасораның көміртекті бөлігінің жойылуына байланысты.


Сілтілі өңдеу кезіндегі лигниннің жойылуы ұласпалы процесс болып табылады. 11-суретте талшықты өнімдегі қалдық лигнин құрамының сілтінің концентрациясына және өңдеу ұзақтығына тәуелділігі көрсетілген.

11-суреттен лигниннің басты бөлігі (а.қ.ш.-ғы бастапқы лигнин құрамынан 64,7...70,6 % дейін) өңдеудің бірінші сағатында жойылатындығын көруге болады. Өңдеудің әрі қарайғы 180 мин сілті концентрациясына байланысты, а.қ.ш.-ғы бастапқы лигнин құрамынан 71,8-84,3 % дейін жоюға мүмкіндік береді.

Берілген деректерден келесідей қорытынды жасауға болады: сілтінің 1н. концентрациясында өңдеу ұзақтығы 240 мин созылғанда көміртек бөлігінің ыдырауы байқалады, әрі қарай сілті концентрациясының артуы

байқалады, алайда сілті концентрациясы артқанымен өңдеу ұзақтығы орынсыз болады.

Өңдеу кезінде сілті концентрациясы 0,2...0,3 н. болып, процесс ұзақтығы 240 мин болғанның өзінде күлділігі және қалдық лигнин мөлшері сияқты қойылған талаптарға сай материал алынбайды. Қарасора арамшөбінің сілтілі өңделуін алдын ала зерттеу зерттеудің келесі диапазонын орнатуға мүмкіндік береді: сілті концентрациясы 0,5-1 н. (гидромодуль 1:10), өңдеу ұзақтығы 60-240 мин.



11 Сурет – Сілті концентрациясы мен өңдеу ұзақтығына байланысты талшықты материалдағы лигниннің болу тәуелділігі

Сілтілі өңдеуді және оны ары қарайғы қайнатуды оптимизациялауды тіркей отырып өсімдік шикізатының а.к.ш.-нан техникалық целлюлоза келесідей алынды: қарасора арамшөбінен 53 %, күріш сабанынан – 51 %, күріш кебегінен – 48 %.

Стандартты әдістеме бойынша физико-химиялық қасиеттері зерттелді (1 Кесте).

1 Кесте – Өртүрлі өсімдік шикізатынан алынған техникалық целлюлозаның физико-химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Техникалық целлюлоза түрі		
	Күріш сабаны	Күріш кебегі	Қарасора арамшөбі
Лигниннің болуы, % а.қ.ш.	2,5	2,5	1,6
Күлділігі, % а.қ.ш.	0,05	0,05	0,2
Адсорбциялау қабілеті, мг/г	72,3	20,9	42,0
Йод бойынша сорбциялау қабілеті, %	86,4	41,5	45,0
17,5 % NaOH ерітіндісінде ісінуі, %	500	550	550
Су ұстауы, %	220	220	250
Талшықтың орташа ұзындығы, мм	0,8	1,4	10
Біржақты дымқылдау кезіндегі сіңіру, г/м ²	127	-	-

Берілген деректерден күріш сабанынан алынған техникалық целлюлоза сорбциялық және адсорбциялық қасиеттері бойынша қарасорадан және күріш кебегінен алынған целлюлозадан 1,5...3,0 есе асатындығын байқасақ, қарасорадан алынған целлюлоза талшықтарының орташа ұзындығы басқа целлюлоза түріне қарағанда 10 есе асып тұр, бұл оның ұсақ кеуекті қағаз өндірісінде қолданылауына мүмкіндік береді. Басқа көрсеткіштер бойынша үлгілер бір-бірінен ерекшеленбейді.


3.2 Целлюлоза талшықтарының құрылымын микроскопиялық зерттеу

Ағаштекті емес өсімдік шикізатының бір ерекшелігі гидрофобты қасиеттерге ие және қорғаныштық қызмет атқаратын, қарасора арамшөбінің сыртқы (12 Сурет) және ішкі (13 Сурет) қабатында майлы балауызды қабаттың болуы. Гидрофобты қабаттың болуы химиялық агенттердің лигнинді-көміртек матрицасының ішіне енуіне бөгет болады және басқа да компоненттердің алынуына кедергі болады. Майлы балауызды фракциядан арылу үшін ацетон, этилды эфир, этанол, бензол және т.б. органикалық еріткіштер пайдаланылады. Қарасора арамшөбінің а.қ.ш.-нан майла балауызды фракцияның шығуы 4,5 % құрайды.


Майлы балауызды фракция алынғаннан кейін а.қ.ш.-тан 12 % құрайтын, құрамына пектин, крахмал, бояғыштар сияқты суда еритін фракцияны алу мақсатты болады.

Майлы балауызды және суда ерітін фракцияларды алу барлық күлді қалдықты сандық түрде алу арқылы өтетіндіктен, қалған минералды компоненттерді тиімді бөліп алуға мүмкіндік жасайды.

Минералды компоненттері алынған талшықты шикізат 14-суретте микрофотография түрінде көрсетілген.



12 Сурет – Қарасора арамшөбінің сыртқы беті (×100 ұлғайтылған)



13 Сурет – Қарасора арамшөбінің ішкі беті (×500 ұлғайтылған)




14 Сурет – Қарасора армшөбінің талшықты материалының сілтілі өңдеуден кейінгі микрофотографиясы (×500 ұлғайтылған)

Сілтілі өңдеу, минералды компоненттерді бөлуден басқа, талшықтардың ісінуіне, тығыз оралған өсімдік шикізатының талшықтарының арасындағы күрделі орта пластинканың ішінара қопсуына әкеледі, ол 14-суретте бейнеленген.

Біздің ойымызша, бұл қайнату агенттерінің жақсы енуінің алғышарты болып табылады және соның салдарынан неғұрлым тиімді делигнификация жүреді.

Қайнатудан кейінгі техникалық целлюлоза үлгілерінің микрофотографиясы (15 Сурет) целлюлозаның талшықты жартылай фабrikаты прозенхимиялық және эпидермалдық сипаттағы жекелеген аз бүлінетін талшықтардың кешенін білдіреді, ал сосудтардың болуы ісінуге жоғары қабілетін түсіндіреді.



15 Сурет – Қайнатудан кейінгі целлюлоза талшығының микрофотографиясы
ұлғайту $\times 500$ (а); $\times 100$ (б)

3.3 ИК–спектроскопия, ДСК және ТГТ талдауларының нәтижелері

ИК-спектроскопия ішкі және молекула аралық әсер ету жүйесі мен табиғаты арқылы анықталатын, молекулалық байланыстардың қасиеттері

мен құрылуының фундаменталды сипаттамаларын орнату үшін бірегей құрал болып табылады. Әдіс химиялық затпен жұту процесі арқылы инфрақызыл жарықтың микроскопиялық өзара әрекеттесуіне негізделеді және нәтижесінде спектр деп аталатын жолақтар жиынын шығарады.

Қазіргі таңда жақын ИК-Фурье спектроскопия мен жеке кішкентай шаршылардың регрессиясын үйлестіре отырып биомассаның компонентті құрылымын анықтауға болады. Химиялық құрамды анықтау бойынша қолданылатын дәстүрлі химиялық әдістер ұзақ және қиын болып келеді. Жақын ИК-спектроскопия әдісі шикізаттың компоненттік құрамын анықтайтын химиялық әдістерді алмастыруға мүмкіндік береді және салыстырмалы түрде арзан, тез және нақты әдіс болып табылады [73].

ИК-спектроскопия әдісі арқылы күріш сабаны, қамыс, қарасора арамшөбі, күріш кебегі сияқты ағаштекті емес шикізаттан алынған целлюлоза талшықтарының құрылымдық ерекшеліктері зерттелді.

Бастапқы шикізат ретінде пайдаланылған, техникалық қарасораның түрі болып табылатын қарасора арамшөбінде индиялық (гашишті) қарасораға қарағанда наркотикалық заттар жоқ және екі құрамдастан тұрады: техникалық қарасора сабағынан алынатын талшық, яғни ұзын талшықты фракция (ҰТФ, кендір), және төмен сортты қысқа талшық, яғни қысқа талшықты фракция (ҚТФ, діңше).

2-кестеде ағаштекті және өсімдіктекті талшықтардың физикалық және химиялық сипаттамаларына салыстырмалы деректер көрсетілген, сонымен қатар кестеден Оңтүстік Африкада баспа қағаздарын шығаруға қолданылатын, негізгі шикізат көзі болып табылатын эвкалипт сүрегіне химиялық құрамы бойынша техникалық қарасора жақын екендігін байқауға болады.

2 Кесте – Әртүрлі талшықтардың физикалық және химиялық сипаттамалары [74]

Параметр	Қарағай	Эвкалипт	Сабан	Қарасора
Талшық ұзындығы, мм	4,0	0,7-1,4	1,2-1,5	0,7-55
Целлюлоза, %	42	46	33-40	45-72
Гемицеллюлоза, %	25	27	24-28	7,7-17,8
Лигнин, %	28	26	10-17	2-20
Кремний, %	0,03-0,1	0,03-0,1	3	1,5-3,5
Күлділік, %	1	1	4-7	-

Целлюлозаны алу үшін жаңқаны дайындауға кететін энергетикалық операцияны қажет етпейтін қарасора арамшөбінің ҚТФ пайдаланылды, ал ҰТФ сабақ мөлшерімен байланысты арнайы шикізат дайындығын қажет

етеді. Зертханалық жағдайда қарасораның ҚТФ-нан целлюлозаның шығуы 53 % құрады. 16-суретте ҚТФ-дан бөлініп алынған целлюлозаның ИК-Фурье спектрлері көрсетілген.

Алынған целлюлозаның ИК-спектрі целлюлозаға тән барлық пиктардың бар екендігін көрсетті [75].


Спектр келесі жиіліктермен сипатталады: молекулаішілік және молекула аралық Н-байланыстарға қатысатын ОН-топтардың валентті ауытқуы (ВА) $3337,8\text{ см}^{-1}$; СН және CH_2 топтарындағы ВА $2915,4\text{ см}^{-1}$; байланысқан судың болуымен шарттасқан Н–О–Н байланыстарының деформациялық ауытқулары (ДА) $1622,4\text{ см}^{-1}$; CH_2 топтарының ДА 1454 см^{-1} , $1361,5\text{ см}^{-1}$; CH_2OH -тағы О–Н топтарының ДА $1316,4\text{ см}^{-1}$; С–О байланыстарының ВА 1154 см^{-1} , $1033,2\text{ см}^{-1}$, $778,83\text{ см}^{-1}$.

$3400\text{--}3100\text{ см}^{-1}$ және $2800\text{--}3000\text{ см}^{-1}$ анық емес сызықтары сутектік байланысқа және СН, CH_2 топтарына кіретін гидроксильді топтардың валентті ауытқуларымен байланысты. Алынған целлюлозаның спектрінде, қалдық лигнин сияқты ароматикалық байланыстарға тән, 1600 см^{-1} ауданында ауытқулар байқалмайды. 1731 см^{-1} ауданында гемицеллюлозаға тән карбонильді топтардың болуын көрсететін ауытқулар байқалады.

Целлюлозаның ИК-спектрі көп жағдайда әрбір глюкопиразды сақина құрамында болатын 3 гидроксильді топтың жұтылуымен анықталады. Гликозидті сақинаның кислородты атомдары мен кислородты көпірлері арасындағы өзара сутектік байланыстардың пайда болуынан, бір-бірімен полимердің реттелмеген аудандарымен байланысқан, тұрақты кристалды молекула үстілік құрылымдар бар. Целлюлоза молекуласының мұндай көптүрлі конфигурациясы ИК-спектрдегі жұтылу сызығының кеңеюіне әкеліп соғады.

17-суретте қамыстан, күріш сабанынан және күріш кебегінен алынған целлюлозаның ИК-Фурье спектрлері көрсетілген. $3100\text{ -- }3600\text{ см}^{-1}$ диапазонындағы кең сызықтар адсорбирленген ылғалдың бар екендігін дәлелдейді. 1160 см^{-1} жұтылу сызығындағы пиктар –С–О–Н топтарымен байланысты ауытқуларға сәйкес келеді. $1100\text{ -- }960\text{ см}^{-1}$ жұтылу сызықтары пиранозды циклдың –С–О–С– ауытқуларына сәйкес келеді. В және с спектрлерінде 1720 см^{-1} жұтылу сызығында гемицеллюлозада бар, ацетатты топтардың альдегидті және кетонды топтарына сәйкес пиктар бар. $1645\text{ -- }1650\text{ см}^{-1}$ ауданындағы пиктар лигнинде бар, ароматикалық топтардың ауытқуларына жатуы мүмкін.

Күріш сабанынан, қамыстан, күріш кебегінен және қарасорадан (ҚТФ) алынған целлюлозаны ИК-Фурье спектроскопия арқылы салыстыру нәтижесінде, барлық үлгілерде целлюлозаға тән функционалды топтардың ($3570\text{--}3125\text{ см}^{-1}$, $2940\text{--}2860\text{ см}^{-1}$, 1650 см^{-1} , 1430 см^{-1} , 1370 см^{-1} , 1340 см^{-1} , 1160 см^{-1} , 1110 см^{-1} , 1060 см^{-1}) болуы анықталды.




16 Сурет – Қарасора арамшөбінен алынған целлюлозаның ИК-Фурье спектры (ҚТФ).

Ағаштекті емес шикізаттан алынған целлюлозды материалдың термиялық қасиеттері зерттелді. ДСК-да 70 °С, 77 °С және 80 °С температурада байқалатын алғашқы эндотермиялық пиктар қарасора, қамыс және күріш қауызынан ылғалдың булануына жатқызуға болады. 339 °С, 342 °С және 335 °С сәйкес келетін екінші эндотермиялық пиктар қарасора, қамыс және күріш қауызынан алынған целлюлозаның кристалды құрылымын балқытуға жатады.


Алынған целлюлозалардың ДСК нәтижелері 18-суретте көрсетілген.

ТГТ нәтижелері барлық целлюлоза үш түрінің термиялық қасиеттері ұқсас екендігін көрсетті. Барлық жағдайда массаның аздаған жоғалуы 100 °С шамасында анықталды. Бұл шикізатты соңғы жуу сатысынан кейінгі қалдық ылғалдың жойылуымен түсіндіріледі. Целлюлозаның термиялық ыдырауының басталуы 330 °С шамасында бақыланады. Барлық жағдайда 700 °С-та қатты қалдықтар 5-8 мас. %-ға жақын.


19-суретте қарасорадан, күріш қауызынан және қамыстан бөлініп алынған целлюлозалардың термограммасы көрсетілген.



17 Сурет – Қамыстан (а), күріш қауызынан (b), күріш сабанынан (с) алынған целлюлозаның ИК-Фурье спектры




18 Сурет – Целлюлозаның алынған үлгілерінің дифференциалды сканерлеуші калориметриясы



19 Сурет – Целлюлоза термограммасы

3.4 Өсімдік шикізатынан алынған целлюлоза талшығының құрылымдық-морфологиялық сипаттамалары

Сілтілік өңдеу диапазонында алынған үлгілер үшін (0,5...1,0н.) талшықтардың құрылымдық-морфологиялық сипаттамалары анықталды. Сілтінің әртүрлі концентрациясында, қарасорадан алынған техникалық целлюлозаның фракциялық құрамы 20-суретте көрсетілген.



20 Сурет – Әртүрлі сілтілік өңдеу жағдайында қарасора арамшөбінен алынған техникалық целлюлоза үлгілерінің фракциялық құрамы

20-суретте көріп тұрғанымыздай екі үлгі де талшықтардың полидисперсті таралуымен сипатталады, бұған қоса таралудың максимумы ұзын талшықтар ауданына ығысқан, ал фракциялық құрамы бойынша таралудың біркелкі заңдылығы байқалады. Екі үлгіде де 8-10 мм мөлшердегі талшықтар 60-70 % құрайды. Талшықтар ұзындығының өзгеруі өлшеудің қателігі шегінде болады және берілген диапазонда (0,5...1,0 Н.) сілтілі өңдеу шарттарымен байланысты емес. Талшықтардың орташа ұзындығына негізделіп отырып, қарасора целлюлозасын ұзын талшықты жартылай фабрикаларға жатқызуға болады, соның арқасында оның целлюлозалы-қағазды және тоқыма өнеркәсібінде қолданылуына үлкен мүмкіндіктер туады.

3-кестеде сілтілі өңдеудің зерттелетін диапазонында алынған, техникалық целлюлоза талшықтарының сипаттамалары көрсетілген. Берілген нәтижелер бойынша техникалық целлюлозаның құрамында лигниннің бірдей

(қателік шегінде) мөлшері болғанда және сілтінің әртүрлі концентрациясындағы сілтілі өңдеуде орташа ұзындықтағы және жалпақтықтағы ұқсас көрсеткіштерге ие. Алынған деректерге сәйкес қарасора талшығының ұзындығы $9\pm 0,01$ мм құрайды, сонымен қатар бұл ұзындық мақта талшығының ұзындығымен салыстырмалы болып табылады.

3 Кесте – Қарасора арамшөбінен әртүрлі жағдайда сілтілі өңделіп, әрі қарайғы қайнатылып алынған техникалық целлюлоза талшығының сипаттамалары

Сипаттама	Қарасора арамшөбінен алынған техникалық целлюлоза	
Сілтілі өңдеу кезіндегі NaOH концентрациясы, н.	0,5	1,0
Өлшенген талшықтар саны	7473	6989
Талшықтың орташа ұзындығы, мм	$9,8\pm 0,01$	$10,2\pm 0,01$
Орташа жалпақтық, мкм	$15,1\pm 0,1$	$16,0\pm 0,1$
Орташа форма факторы, %	84,7	83,3
Талшықтардың орташа қаттылығы, мкг/м	101,8	102,2
Сынудың орташа бұрышы, град	55,6	57,3
Сынудың орташа индексы	2,8	3,1
Сегменттің орташа ұзындығы, мм	0,56	0,55

Техникалық целлюлоза талшығы түзу емес, қисық болғандықтан, осы сынудың деңгейі форманың орташа факторымен (талшықтың нақты ұзындығының проекциясын бөлу) бағаланады [76]. Деформацияға ұшырамаған түзу талшықтар жоғары фактор формасымен сипатталады, алайда ағарту және оттекті-сілтілі өңдеу сияқты технологиялық операциялар нәтижесінде форма факторы 83...84 дейін төмендейді [76]. Сатылы өңдеу жағдайында қарасорадан алынған техникалық целлюлоза талшығының орташа форма факторы көрсеткіштері бойынша ағартылған сульфатты целлюлозаға жақын.

Сынудың орташа бұрышы (сынудың барлық өлшенген орта шамасы) 60° аспайды және 2-ші классқа сәйкес келеді. Талшықтың қаттылығы 1г.-ғы талшық ұзындығы және саны сияқты деректер негізінде есептеледі. Басқа да бірдей жағдайларда қаттылықтың төмендеуі қағазды беттің беріктігінің артуына әкеледі [76]. Зерттелген талшықтарда мискантустан [77] алынған гидротопты целлюлозамен және бидай сабанынан [78] алынған пероксидті целлюлозамен салыстырғанда қаттылық деңгейі төмен.

Осылайша, қарасора арамшөбін 0,5...1,0 н. концентрация диапазонында сілтілі өңдеп, ары қарайғы органосольвентті қайнату нәтижесінде құрылымдық-морфологиялық сипаттамалары бойынша ұқсас техникалық целлюлозаның талшықтары алынады.

Қағаз құймаларының беріктік және физикалық сипаттамалары 4-кестеде көрсетілген. Ұсынылған нәтижелерден ажырау ұзындығы, созылудағы беріктік шегі сияқты көрсеткіштер бойынша, қарасорадан алынған целлюлоза қағаз өндірісі үшін қолданылатын, сульфатты жапырақты целлюлозасымен бірдей екендігін көруге болады.

Ажырауға абсолютті қарсыласу көрсеткіші бойынша қарасорадан алынған целлюлоза сульфатты жапырақты целлюлозамен бірдей екендігін байқасақ, басылуға қарсыласу көрсеткіші бойынша сульфатты жапырақты целлюлозадан асып түсетіндігін байқауға болады. Техникалық целлюлоза негізінде, сорбенттерді алу үшін колористикалық тестілеу әдісінде тасығышқа қойылатын басты талаптарға ақтық, су сорғыштығының рН және техникалық целлюлозада болатын металлдардың болуы жатады. Көрсетілген деректерден қарасора арамшөбінен алынған техникалық целлюлоза қажет ақтыққа және судың сорғыштығына қажет рН сай екендігін көреміз.

4 Кесте – Техникалық целлюлозадан алынған қағаз құймаларының 60°ШР ұнтақтау дәрежесіндегі беріктілік және физикалық сипаттамалары

Көрсеткіштер	Техникалық целлюлоза	
	Қарасора арамшөбінен	Сульфатты жапырақты
1 м ² аудандағы қағаз массасы, г	75,7	75,0
Тығыздық, г/см ³	0,98	0,92
Ажырау ұзындығы, м	8900	9000
Ажырауға абсолютті қарсыласу, мН	176	180
Созылудағы беріктік шегі, кгс/см ²	68	70
Басылуға салыстырмалы қарсыласу, кПа	160	110
Су сорындысын суық экстрагирлеу рН	6,7	5,5...7
Ақтық, %	89,8	90

Өсімдіктер өсу процессінде топырақтан су және минералды заттардан бөлек, оксид және тұз күйіндегі металлдарды сіңіруге қабілетті. Дәндә дақылдар вегетативті кезеңде биомассада осындай заттардың едәуір мөлшерін жинай алады [79]. Бастапқы заттағы және техникалық целлюлозадағы металлдар құрамының сандық деректері 5,6-кестеде көрсетілген.

5 Кесте – ICP-OES әдісі арқылы үлгілерді сандық талдау нәтижелері

Элемент	Үлгі		ICP-OES әдісі арқылы элементтерді анықтау шегі
	Қарасора арамшөбі	Қарасора арамшөбінен алынған целлюлоза	
Al	206.1±0.9	233.1±0.9	0.0549
Ba	27.9±0.1	19.0±0.1	0.0018
Ca	6645.4±57.2	1052.3±5.0	0.0527
Mg	1637.7±10.6	123.6±0.6	0.1935
Mn	389±3.0	8.6±0.02	0.0034
Na	1257±7.0	89.3±0.6	0.7935
K	5272.1±53.3	55.5±0.5	0.0235
Fe	235.7±1.2	361.9±1.2	0.0230
Ni	2.9	2.1	0.0120
Cu	8.5±0.1	3.6	0.0250
Zn	146.4±0.4	9.1	0.0075
Sr	43.0±0.3	9.7	0.0010
Ti	6.8±0.1	6.8±0.3	0.0105
Li	469. ±2.7	118.0±1.4	1.0024

6 Кесте – ICP-MS әдісі арқылы үлгілерді сандық талдау нәтижелері

Элемент	Үлгі		ICP-MS әдісі арқылы элементтерді анықтау шегі
	Қарасора арамшөбі	Қарасора арамшөбінен алынған целлюлоза	
	Үлгідегі элемент концентрациясы және стандартты ауытқу, мг/кг		
Pb	961.7±15.4	1421.4±39.6	3.6838
Cr	605.3±11.3	499.3±9.8	1.0020
Co	343.5±4.6	29.2±0.8	0.2688
Cd	37.8±1.4	16.2±0.6	0.1768
Mo	243.3±4.8	31.6±1.1	0.7191
Rb	3301.4±82.19	281.1±3.7	0.6626

Ағаштекті емес шикізаттан техникалық целлюлозаны алу кезінде кейбір жағдайларда дайын өнімдегі элементтер құрамының азаюы немесе

оның жинақталу немесе «шоғырлану» әсері есебінен артуы байқалады. Алюминий, темір және қорғасын сияқты элементтер сілтілі өңдеу және қайнату процесінде тиісінше 1,1; 1,5 және 1,5 рет жиналады. Темір, алюминий және қорғасын сияқты элементтердің жиналуын, қарасора арамшөбінің анатомиялық элементтерінің жасушалық қабырғаларында жату тереңдігімен түсіндіруге болады, олар делигнификация кезінде жойылмайды.

Қалған барлық көрсетілген элементтер делигнификация нәтижесінде өсімдік шикізатынан жойылады, олардың құрамы төмендейді немесе анықтаудың кемшілігі аумағында қала отырып өзгермейді.

Қарасора арамшөбін өңдеу кезінде бастапқы шикізаттағы металлдар саны келесі ретте төмендейді: Ni – 0,5; Ti – 1,0; Cr – 1,2; Ba – 1,5; Cd – 2,3; Cu – 2,4; Li – 3,9; Sr – 4,4; Ca – 6,3; Mo – 7,7; Rb – 11,7; Co – 11,8; Mg – 13,3; Na – 14,1; Zn – 16,0; Mn – 45,2; K – 95,0.

Алынған деректер техникалық целлюлоза құрамында металлдардың болуын көрсетеді. Осы целлюлозаны колористикалық сорбент ретінде пайдаланған кезде бояғыш реагенттерді иммобилизациялауға олардың әсерін болдырмау үшін, ондағы металдардың қосылыстарының мөлшері мен түрін ескеру қажет.

Осылайша, сілтілі өңдеуді (қарасора арамшөбін сілтілі өңдеу ұзақтығы – 240 мин; сілті концентрациясы – 0,69 н.) оптимизациялауды және әрі қарайғы қайнатуды ескере отырып, құрамында а.қ.ш.-дан 2,5 % лигнині бар, а.қ.ш.-дан күлділігі 0,05 % құрайтын, а.қ.ш.-дан 48,8 % шығымы бар техникалық целлюлоза алынды. Қарасора арамшөбін 0,5...1,0 н. концентрация диапазонында сілтілі өңдеп, әрі қарай органосольвентті қайнату арқылы техникалық целлюлоза талшығына құрылымдық-морфологиялық сипаттамалары бойынша ұқсас талшықтар алынғаны бекітілді.

Қарасора арамшөбінен алынған техникалық целлюлоза қанағаттанарлық беріктілікке, қажетті ақтыққа және су сору рН сияқты сипаттамаларға ие екендігі көрсетілді. Қарасора арамшөбінде және одан алынған техникалық целлюлозада вегетативті кезеңде, биомасса жинақтаған металлдардың құрамы бар екендігі көрсетілді.

Сатылы сілтілі органосольвентті делигнификация көп жағдайда техникалық целлюлозада металл концентрациясының төмендеуіне әкеліп соғады. Бұған өңдеу нәтижесінде сәйкесінше 1,1; 1,5 және 1,5 рет жиналатын алюминий, темір және қорғасын жатпайды.

3.5 Қағаздың оптикалық қасиетін зерттеу

[9-13] әдеби мәліметтерден ең жақсы жағдайда түс жарықтығының (L) мәні 100 % - ға, ал түс дөңгелегі бойынша түс диапазондары а және b индекстері нөлге тең болуы екені белгілі. Түсті кеңістіктегі мәндер бойынша зерттелетін үлгілердің L мәні 90-95 аралығындағы интервалмен сипатталады

-1 және 1 арасында а индексі түсінің диапазоны. В индексі түсінің диапазоны 5-тен 28-ге дейінгі аралықта жатыр. Бұл барлық зерттелетін үлгілердің түсі сары кеңістікке жақын екендігімен түсіндіріледі. 7-кестеде түсті кеңістіктегі L, а және b орналасу мәндері көрсетілген.

7 Кесте – Қағаз құймаларының түрлі үлгілерінің түсті кеңістіктегі L, а және b мәндері

Қағаз түрлері	L (%)	a	b
Құрамында желімі жоқ қарасора целлюлозасынан жасалған қағаз	93,75	-0,13	11,03
1 мл желім бар қарасора целлюлозасынан жасалған қағаз	93,71	0,32	11,47
2 мл желім бар қарасора целлюлозасынан жасалған қағаз	93,86	-0,20	11,74
3 мл желім бар қарасора целлюлозасынан жасалған қағаз	93,20	0,37	12,18
Құрамында желімі жоқ қамыс целлюлозасынан жасалған қағаз	94,22	0,71	5,97
1 мл желім бар қамыс целлюлозасынан жасалған қағаз	94,21	0,44	5,21
Құрамында желімі жоқ күріш кебегінің целлюлозасынан жасалған қағаз	90,66	0,20	28,06

Мак-Адам жүйесіндегі ΔE -нің түс айырмашылығы көрсеткіштері бойынша, құрылымдағы желімнің құрамымен ерекшеленетін, целлюлозаның бір түрі арасындағы айырмашылықтар есептелген. (4), (5), (6) формулалар бойынша қарасорадан алынған және желімнің әртүрлі мөлшері бар қағаздар арасындағы түстің айырмашылықтары көрсетілген.

$$\Delta E_{\text{бум. №1-бум. №2}} = \sqrt{(93,75 - 93,71)^2 + ((-0,13) - 0,32)^2 + (11,03 - 11,47)^2} = 0,63 \quad (4)$$

мұндағы №1 қағаз – құрамында желімі жоқ қарасора целлюлозасынан жасалған қағаз;

№2 қағаз – 1 мл желім бар қарасора целлюлозасынан жасалған қағаз.

$$\Delta E_{\text{бум. №1-бум. №3}} = \sqrt{(93,75 - 93,71)^2 + ((-0,13) - (-0,20))^2 + (11,03 - 11,74)^2} = 1 \quad (5)$$

мұндағы №1 қағаз – құрамында желімі жоқ қарасора целлюлозасынан жасалған қағаз;

№3 қағаз – 2 мл желім бар қарасора целлюлозасынан жасалған қағаз.

$$\Delta E_{\text{бум. №1–бум. №4}} = \sqrt{(93,75 - 93,20)^2 + ((-0,13) - 0,37)^2 + (11,03 - 12,18)^2} = 1,7 \quad (6)$$

мұндағы №1 қағаз – құрамында желімі жоқ қарасора целлюлозасынан жасалған қағаз;

№4 қағаз – 3 мл желім бар қарасора целлюлозасынан жасалған қағаз.

(7) формулада қамыстың құрамында желімі бар және жоқ қағаздардың түс айырмашылықтары көрсетілген.

$$\Delta E_{\text{бум. №5–бум. №6}} = \sqrt{(94,22 - 94,21)^2 + ((-0,71) - 0,44)^2 + (5,97 - 5,21)^2} = 1,4 \quad (7)$$

мұндағы №5 қағаз – құрамында желімі жоқ қамыс целлюлозасынан жасалған қағаз;

№6 қағаз – 1 мл желім бар қамыс целлюлозасынан жасалған қағаз.

Барлық жағдайда түстік ерекшеліктер айтарлықтай емес. Бұл шикізаттың бір түрінен алынған үлгілердің түсі бірдей болуымен түсіндіріледі.

(8), (9), (10) формулалар бойынша Мак-Адам жүйесіндегі әртүрлі өсімдік текті шикізат көздерінен алынған қағаз үлгілері арасындағы түстік ерекшеліктер ΔE көрсетілген.

$$\Delta E_{\text{бум. №1–бум. №5}} = \sqrt{(93,75 - 94,22)^2 + ((-0,13) - 0,71)^2 + (11,03 - 5,97)^2} = 3,32 \quad (8)$$

мұндағы №1 қағаз – құрамында желімі жоқ қарасора целлюлозасынан жасалған қағаз;

№5 қағаз – құрамында желімі жоқ қамыс целлюлозасынан жасалған қағаз.

$$\Delta E_{\text{бум. №1–бум. №7}} = \sqrt{(93,75 - 90,66)^2 + ((-0,13) - 0,20)^2 + (11,03 - 28,06)^2} = 17 \quad (9)$$

мұндағы №1 қағаз – құрамында желімі жоқ қарасора целлюлозасынан жасалған қағаз;

№7 қағаз – құрамында желімі жоқ күріш кебегі целлюлозасынан жасалған қағаз.

$$\Delta E_{\text{бум. №5–бум. №7}} = \sqrt{(94,22 - 90,66)^2 + (0,71 - 0,20)^2 + (5,97 - 28,06)^2} = 22 \quad (10)$$

мұндағы №5 қағаз – құрамында желімі жоқ қамыс целлюлозасынан жасалған қағаз;

№7 қағаз – құрамында желімі жоқ күріш кебегі целлюлозасынан жасалған қағаз.

Мак-Адам жүйесіндегі түстік ерекшеліктерді ΔE зерттеу нәтижесі бойынша, әртүрлі ағаштекті емес шикізаттан (қарасора арамшөбі, қамыс және күріш кебегі) алынған қағаз құймаларының үлгілері түстері бойынша айтарлықтай өзгешелікке ие екендігін айтуға болады.

Қағаз құймаларының ақтығы ISO (MEMСТ 30113-94), *CIE* D65/10° (MEMСТ Р ИСО 11475–2010) және *CIE* C/2° (MEMСТ Р ИСО 11476–2010) стандарттары бойынша зерттелді. ISO (MEMСТ 30113-94) бойынша ақтықты өлшеу нәтижелері 8-кестеде көрсетілген.

8 Кесте – ISO (MEMСТ 30113-94) бойынша қағаз құймалары үлгілерінің ақтығы бойынша деректер

Мәндер	Үлгі №1	Үлгі №2	Үлгі №3	Үлгі №4	Үлгі №5	Үлгі №6	Үлгі №7
<i>CIE</i> ақ индексі	0,9981	0,9579	0,9638	0,9513	1,0544	1,0677	0,624
<i>CIE</i> ақ индексі	0,977	0,963	0,964	0,962	1,045	1,067	0,646
<i>CIE</i> ақ индексі	0,986	0,958	0,981	0,955	1,051	1,066	0,630
Орташа мән	0,987	0,961	0,970	0,956	1,050	1,067	0,633
ДШК	0,011	0,005	0,010	0,005	0,005	0,001	0,011
Корреляция коэффициенті	1,098	0,496	1,024	0,556	0,450	0,071	1,773

CIE D65/10° (күндізгі жарық MEMСТ Р ИСО 11475–2010) бойынша ақтықты өлшеу нәтижелері 9-кестеде көрсетілген.

9 Кесте – CIE D65/10° (күндізгі жарық МЕМСТ Р ИСО 11475–2010) бойынша қағаз құймалары үлгілерінің ақтығы бойынша деректер

Мәндер	Үлгі №1	Үлгі №2	Үлгі №3	Үлгі №4	Үлгі №5	Үлгі №6	Үлгі №7
CIE Lab	103,95	103,09	103,18	103,62	102,92	103,45	99,16
CIE Lab	103,31	102,8	103,06	103,21	103,18	103,51	99,27
CIE Lab	103,36	103,11	103,33	103,53	102,56	103,66	98,65
Орташа мән	103,54	103	103,19	103,45	102,89	103,54	99,03
ДШК	0,356	0,173	0,136	0,215	0,311	0,108	0,331
Корреляция коэффициенті	0,344	0,168	0,131	0,208	0,303	0,104	0,334

CIE C/2° жарық беруші (жасанды жарық МЕМСТ Р ИСО 11476–2010) бойынша ақтықты өлшеу нәтижелері 10-кестеде көрсетілген.

10 Кесте – Данные по белизне образцов бумажных отливок по CIE C/2° осветитель (искусственное освещение ГОСТ Р ИСО 11476–2010)

Мәндер	Үлгі №1	Үлгі №2	Үлгі №3	Үлгі №4	Үлгі №5	Үлгі №6	Үлгі №7
CIE Lab	81,42	78,8	75,34	75,37	106,44	109,55	-20,11
CIE Lab	80,59	76,51	78,28	75,55	104,32	109,45	-21,16
CIE Lab	80,67	76,71	79,11	74,56	106,42	106,88	-18,36
Орташа мән	80,893	77,34	77,577	75,16	105,727	108,627	-19,880
ДШК	0,457	1,268	1,981	0,527	1,218	1,513	1,415
Корреляция коэффициенті	0,566	1,640	2,554	0,702	1,152	1,393	7

ISO және CIE D65/10° стандарттары бойынша қағаз құймалардың ақтығын өлшеу. Көк аймақта диффузиялық шағылысу коэффициенті (ДШК) мен корреляциясы ұқсас мәнге ие. CIE C/2° бойынша ақтықты анықтау стандарты бойынша күріш қабығынан жасалған қағаз құймалардағы корреляция коэффициенті қарасора арамшөбінен және қамыстан жасалған үлгілермен салыстырғанда ақтығы бойынша айтарлықтай төмен көрсеткіштерге ие.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу нәтижелері бойынша келесідей қорытындылар жасауға болады:

1. Стандартты әдістемелер бойынша әр түрлі ағаштекті емес шикізаттан алынған целлюлоза үлгілерінің физико-химиялық қасиеттерін зерттеу сорбциялық және адсорбциялық қабілеті бойынша күріш сабанынан жасалған техникалық целлюлоза қарасора мен күріш кебегінен жасалған целлюлозадан 1,5...3,0 есе асып түсетінін көрсетті, ал қарасора талшықтарының орташа ұзындығы целлюлоза қалған түрлерінен 10 есе асып түседі. Қалған көрсеткіштер бойынша үлгілер іс жүзінде ерекшеленбейді.

2. Қарасора арамшөбінен алынған техникалық целлюлоза үлгілерінің микрофотографиясы, целлюлозаның талшықты жартылай фабрикаты ұзындығы кемінде 9 мм прозенхимиялық және эпидермалдық сипаттағы аз бүлінетін талшықтардың кешені болып табылатындығын көрсетті, бұл оны ұсақ кеуекті жылтыр қағаз өндіру үшін, сондай-ақ қағаздың дизайнерлік түрлерін өндіру үшін пайдалану перспективаларын ашады.

3. ИК-спектроскопия арқылы күріш сабанынан, қамыстан, күріш кебегінен және қарасора арамшөбінен алынған үлгілерде целлюлоза сипатына сай функционалды топтардың ($3570\text{--}3125\text{ см}^{-1}$, $2940\text{--}2860\text{ см}^{-1}$, 1650 см^{-1} , 1430 см^{-1} , 1370 см^{-1} , 1340 см^{-1} , 1160 см^{-1} , 1110 см^{-1} , 1060 см^{-1}) бар екендігін көрдік.

4. ТГТ нәтижелері целлюлозаның барлық үш түрі термиялық қасиеттері бойынша ұқсас екендігін көрсетті. Барлық жағдайда массаның аздаған мөлшерінің жоғалуы 100°C шамасында болатындығы анықталды. Бұл соңғы сатыда шикізатты жуудан кейінгі қалдық ылғалдың жойылуымен түсіндіріледі. Целлюлозаның термиялық ыдырауының басы шамамен 330°C бақыланады.

5. Қарасора целлюлозасының қағаз құймаларының физико-механикалық қасиеттерін зерттеу нәтижесінде ажырауға абсолютті қарсыласу көрсеткіші бойынша қарасорадан алынған целлюлоза сульфатты жапырақты целлюлозамен бірдей екендігін байқасақ, басылуға қарсыласу көрсеткіші бойынша сульфатты жапырақты целлюлозадан асып түсетіндігін байқадық.

6. ICP-OES және ICP-MS әдістері арқылы үлгілерді сандық талдау нәтижесінде қарасора арамшөбі және олан алынған техникалық целлюлозада вегетативті кезеңде, биомасса жинақтаған металлдардың құрамы бар екендігін көрсетті. Сатылы сілтілі органосольвентті делигнификация көп жағдайда техникалық целлюлозада металл концентрациясының төмендеуіне әкеліп соғады. Бұған өңдеу нәтижесінде сәйкесінше 1,1; 1,5 және 1,5 рет жиналатын алюминий, темір және қорғасын жатпайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Cellulose science and technology [Text] / Wertz, Jean-Luc [et al.] – Lausanna: EPFL press, 2010. – 364 p.
- 2 Косточко А.В. Получение и исследование свойств целлюлоз из травянистых растений [Текст] / А.В. Косточко [и др.] // Вестник Казан. технол. ун-та. – 2010. – № 9. – С. 267-275.
- 3 Технология бумаги [Текст] / С.Н. Иванов – М., 2006. – 696 с.
- 4 Fedenko J. Biomass production and composition of perennial grasses grow for bioenergy in a subtropical climate across Florida, USA [Text] / J.R. Fedenko [et al.] // Bioenergy research. – 2013. – № 6. – P. 1082-1093.
- 5 Волокносодержащее сырье солома, содержание целлюлозы, химический состав растительного сырья [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://straw-house.ru/voloknosoderzhashee-syre-soloma-s>.
- 6 Возобновляемый источник целлюлозы. Лесная промышленность [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://www.lesonline.ru/news/?cat_id=1&id=178432.
- 7 Статьи журнала ЛесПромИнформ №6 (80) за 2011 г. Рубрика Биоэнергетика [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.lesprominform.ru/jarchive/articles/itemshow/2409>.
- 8 Справочник работника лесного хозяйства. [Текст] / Под ред. И.Д. Юркевича, В.П. Романовского, Д.С. Голода – 4-е изд-е, доп. и перераб. – М., 1986. – 623 с.
9. Chaud L.C.S. Evaluation of oat hull hemicellulosic hydrolysate fermentability employing *Pichia stipitis* [Text] / L.C.S. Chaud [et al.] // Brazilian archives of biology and technology. – 2012. – Vol. 55. – № 5. – P. 771-777.
- 10 Непенин Н.Н., Непенин Ю.Н. Технология целлюлозы. М., 1994. Т. 3. С. 466.
- 11 Кузнецов Б.Н. Новые подходы в переработке твердого органического сырья [Текст] / Б.Н. Кузнецов [и др.] – Красноярск, 1991. – 371 с.
- 12 Кузнецов Б.Н. Переработка древесины в целлюлозу без использования серосодержащих реагентов [Текст] / Б.Н. Кузнецов, С.А. Кузнецова, В.Г. Данилов // Наука-Производству. – 2003. – № 1(57). – С.16-17.
- 13 Способ получения целлюлозосодержащего материала [Текст]: пат. 2257437 Рос. Федерация: МПК D 21 C 3/02 / А.В. Вураско, Б.Н. Дрикер – № 2004128853/12; заявл. 29.09.2004; опубл. 27.07.2005, Бюл. № 21. – 6 с.
- 14 Шпаков Ф.В. Беленая натронная целлюлоза из однолетних растений [Текст] / Ф.В. Шпаков [и др.] // Целлюлоза. Бумага. Картон. – 2010. – № 3. – С. 46-50.
- 15 Нугманов О.К. Целлюлоза. Начало нашей эры [Текст] / О.К. Нугманов, Н.А. Лебедев // Химический журнал. – 2009. – № 12. – С. 30-33.

16 Анохин А.П. Бессернистые методы выделения целлюлозы из стеблей хлопчатника и возможности ее использования: автореф. дис. ...канд. хим. наук: 05.21.03 [Текст] / А.П. Анохин – Ташкент, 1984. – 25 с.

17 Кочева Л.С. Структурная организация и свойства лигнина и целлюлозы травянистых растений семейства злаковых: автореф. дис. ...д-р хим. наук: 05.21.03 [Текст] / Л.С. Кочева. – Сыктывкар, 2008. – 43 с.

18 Прусов А.Н. Делигнификация короткого льняного волокна [Текст] / А.Н. Прусов [и др.] // Изв. вузов. Химия и хим. технология. – 2009. – Т. 52, № 11. – С. 143-147.

19 Pourali O. Sub-critical water treatment of rice bran to produce valuable materials [Text] / O. Pourali, F. Asghari, H. Yoshida // Food Chemistry. – 2009. – № 115. – P. 1-7.

20 Cordeiro N. The organosolv fractionation of cork components [Text] / N. Cordeiro [et al.] // Holzforschung. – 2002. – № 56. – P. 135-142.

21. Brosse N. Pretreatment of Miscanthus x giganteus Using the Ethanol Organosolv Process for Ethanol Production [Text] / N. Brosse, P. Sannigrahi, A. Ragauskas // Ind. Eng. Chem. Res. – 2009. – № 48. – P. 8328-8334.

22 Минакова А.Р. Получение целлюлозы окислительно-органосольвентным способом при переработке недревесного растительного сырья: автореф. дис. ...канд. тех. наук: 05.21.03 [Текст] / А.Р. Минакова – Архангельск, 2008. – 19 с.

23 Sun X.F. Isolation and characterization of cellulose obtained by a two-stage treatment with organosolv and cyanamide activated hydrogen peroxide from wheat straw [Text] / X.F. Sun, R.C. Sun, J. Tomkinson // Carbohydr. Polym. – 2004. – № 55. – P. 379-391.

24 Галимова А.Р. Получение целлюлозы окислительно-органосольвентным способом при комплексной переработке однолетних растений [Текст] / А.Р. Галимова, А.В. Вураско, Б.Н. Дрикер // Новые достижения в химии И химической технологии растительного сырья: материалы III Всерос. конф. – Барнаул, 2007. – Кн. 1. – С. 20-24.

25 Бабкин В.А. Научные основы технологии комплексной переработки биомассы лиственницы [Текст] / В.А. Бабкин [и др.] // Химия растительного сырья. – 2007. – № 3. – С. 9-21.

26 Вураско А.В. Ресурсосберегающая технология получения целлюлозы при комплексной переработке соломы риса [Текст] / А.В. Вураско [и др.] // Химия растительного сырья. – 2007. – № 2. – С. 21-25.

27 Пен Р.З. Делигнификация растительного сырья пероксидом водорода: экологический аспект [Текст] / Р.З. Пен, А.В. Бывшев, А.А. Полютов // Вестник Красноярского государственного аграрного университета. – 2008. – Вып. 4. – С. 278-280.

28 Пен Р.З. Катализируемая делигнификация растительного сырья пероксидом водорода – новый перспективный способ производства

технической целлюлозы [Текст] / Р.З. Пен [и др.] // Фундаментальные исследования. – 2008. – №8. – С. 58-60.

29 Pan X.J. Acetic acid pulping of wheat straw under atmospheric pressure [Text] / X.J. Pan, Y. Sano // J. Wood Sci. – 1999. – № 45. – P. 319-325.

30 Lam H.Q. Formic acid pulping of rice straw [Text] / H.Q. Lam [et al.] // Ind. Crops Prod. – 2001. – № 14. – P. 65-71.

31 Sun R.C. Isolation and characterization of hemicellulose B and cellulose from pressure refined wheat straw [Text] / R.C. Sun, J.M. Lawther, W.B. Banks // Ind. Crops Prod. – 1998. – № 7. – P. 121-128.

32 Способ получения полуцеллюлозы [Текст]: пат. 2343240 Рос. Федерация: МПК D 21 C 5/00 / О.К. Нугманов [и др.]– № 2007115320/12; заявл. 12.04.2007; опубл. 10.01.2009, Бюл. № 1. – 6 с.

33 Цуканов С.Н. Гидротермобарический способ получения целлюлозы из отходов злаков [Текст] / С.Н. Цуканов, В.В. Будаева // Ползуновский вестник. – 2011. – № 4-1. – С. 236-239.

34 Kikuchi M. Use of molecular-genetically bred *Coprinus cinereus* strains for an efficient isolation of cellulose from rice straw [Text] / M. Kikuchi [et al.] // Biosci. Biotechnol. Biochem. – 2002. – № 66. – P. 199-201.

35 Ates S. Comparison of different chemical pulp from wheal straw and bleaching with xylanase pretreated ECF Method [Text] / S. Ates [et al.] // Turk. J. Agric. – 2008. – № 32. – P. 561-570.

36 Патент РФ 2179209. Способ делигнификации и отбелки целлюлозных материалов / Е.А. Мозырева, Б.Н. Дрикер, С.А. Киреева // Бюл. 4. Приоритет 16.04.2001

37 Shobha S. Borhade. Chemical Composition and Characterization of Hemp (*Cannabis sativa*) Seed oil and essential fatty acids by HPLC Method// Arch. Appl. Sci.Res., 2013, 5 (1):5-8]

38 Kumar S., Sangwan P., Dhankhar R. Mor V., and Bidra S. Utilization of Rice Husk and Their Ash: A Review// Res. J. Chem. Env. Sci., Volume 1 Issue 5 December 2013: 126-129

39 Lwako M. K. O., Joseph K. B. and Baptist K. J., A review on pulp manufacture from nonwood plant materials.//Internat. Journal of Chemical Engineering and Applications. – 2013. -N 4(3). – P.324-330.

40 Ragini Patil, Rajendra Dongre, and Jyotsna Meshram. Preparation of Silica Powder from Rice Husk// IOSR Journal of Applied Chemistry. – 2014. – P.26-29.

41 Jean P. Mercier, Jean-Luc Wertz, and Olivier Bédué. Cellulose Science and Technology. Fundamental Sciences: Chemistry. – 2010. – 350p.

42 Вураско А.В., Дрикер Б.Н. Целлюлоза из однолетних растений. Окислительно-органо-сольвентные варки. Издательство LAMBERT, Саарбрюккен, 2014 – 130 с.

- 43 А.В. Вураско, Б.Н. Дрикер., А.Р. Галимова (Минакова). Ресурсосберегающая переработка недревесного растительного сырья//Лесной вестник, 2007.– № 8. – С. 137-140.
- 44 Maghchiche A., Haouam A. and Immirzi B. Extraction and characterization of Algerian alfa grass short fibres (*Spita tenacissima*)//Chemistry&Chemical Technology.–2012.–7(3).–P.250
- 45 Molecular Stress Physiology of Plants. Editors Gyana Ranjan Rout, Anath Bandhu Das. Springer India. – 2013. – 427 p.
- 46 Митрофанов Р.Ю., Будаев В.В., Денисова М.Н., Сакович Г.В. Гидротропный метод получения целлюлозы из мискантуса//Химия растительного сырья. - 2011, № 1, С. 25-32.
- 47 Патент № 2360055. Способ получения целлюлозы из технической конопли. Автор(ы): Александрин Александр Петрович (RU) и др. [2].
- 48 Патент № 2378432. Способ получения целлюлозы. Заявка: 2008130711/12, 24.07.2008. Автор(ы): Нугманов Олег Кагарманович и др.
- 49 Патент № 2413808. Способ получения целлюлозы путем использования на стадии промывки принудительного способа фильтрации. Заявка: 2010120156/12, 19.05.2010. Автор(ы): Нугманов Олег Кагарманович Григорьева Надежда Петровна и др.
- 50 Патент № 2487206. Способ получения целлюлозы. Заявка: 2011142072/12, 18.10.2011. Патентообладатель(и): Общество с ограниченной ответственностью «Целлюлозная компания» (RU)
- 51 Патент № 2507331. Способ получения целлюлозы. Заявка: 2013104634/12, 05.02.2013. Автор(ы): Рыжов Александр Иванович и др.
- 52 Gibson L. J., Ashby M. F., Harley B. A. Cellular materials in nature and medicine. Cambridge, UK: Cambridge University Press. 2010
- 53 Патент № 2012-B07528. Способ химической переработки недревесной целлюлозы. Получение целлюлозы методом физической обработки делигнифицирования растительного волокна. Заявка: 2010120156/12, 19.05.2010. Изобретатели: JOUTSIMO O
- 54 CORREIA F., D.N.ROY and K.GOEL, «Chemistry and Delignification Kinetics of Canadian Industrial Hemp (*Cannabis sativa* L.)», J. Wood Chem. Technol. 21(2):97-111 (2001)
- 55 Пат. 2321696 РФ С/02. Способ получения целлюлозы/Вураско А.В., Дрикер Б.Н., Мозырева Е.А., Галимова (Минакова) А.Р., опубл. 10.04.2008
- 56 Goyal S.K. Pulping studies of rice straw using soda and soda anthraquinone process // Pulp. Conf., New Orleans, La, Oct. 30-Nov.2, 1988: Proc. Book. 2. Atlanta. (Ga), 1988. P. 224–237.
- 57 Жалина В.А., Родин С.В. Кинетика щелочной делигнификации стеблей хлопчатника // Бумажная промышленность. 1990. №5. С. 41-45

58 Dhake J.D., Khante N.G. Delighfikation of agricultural residues by modified soda process // Indian Pulp and Pap.1980–1981. V. 35. N4. P. 9–11.

59. Manfred Jodt. Desilication problem can be overcome // Pulp and Paper International. 1991. N2. P. 65–69.

60 Тан Лонг. Предупреждение загрязнения окружающей среды при обработке черного щелока от варки рисовой соломы // Pulp and Paper International. 1986. N6. С. 58–59.

61 Халк Х., Мареш Р., Эбиар Э. Расширение производства из рисовой соломы в Египте // Pulp and Paper International. 1981. N7. P. 53–54.

62 Патент №2551476 (Франция). Procédé de traitement du bois ou autre matière ligno-cellulosique pour l'obtention de pâte cellulosique-papier ou carton-produits chimiques / Nivellement de la Brunière P., Galichon J. 08.03.85.

63 Mandal S., Mayadevi S. Cellulose supported layered double hydroxides for the adsorption of fluoride from aqueous solution// Chemosphere. – 2008. - №. 6. - P. 995-998

64 Siesto, A. Peroxyformic acid pulping of nonwood plants by the MILOX method / Pulping and bleaching Tappi. – 2005. - № 10. - С 235-240

65 А.В. Вураско, А.К. Жвирблице, А.Р. Минакова, Б.Н. Дрикер, Э.В. Мертин. Применение озона при окислительно-органо-растворительном методе получения целлюлозы//УГЛТУ. – 2012. – 55с

66 Симонова Е.И., Вураско А.В., Циликowa А.О., Шаповалова И.О., Первова И.Г., Маслакова Т.И. Получение сорбционных материалов на основе технической целлюлозы из недревесного растительного сырья // Перспективы развития техники и технологий в целлюлозно-бумажной и деревообрабатывающей промышленности: V Всерос. отраслевая науч.-практ. конф. Пермь, 2017 г., 24–25 марта. С. 143–151.

67 Жбанков Р.Г. Инфракрасные спектры и структура углеводов. – Минск: Наука и техника, 1972. – 456 с.

68 Шипина О.Т., Гараева М.Р., Александров А.А.ИК-спектроскопические исследования целлюлозы из травянистых растений //Вестник Казанского технологического университета. – 2009. – № 6. – С. 148-152.

69 Fernanda B. Haffner, Valerie D. Mitchell, Rebecca A. Arundale, Stefan Bauer. Compositional analysis of Miscanthus giganteus by near infrared spectroscopy //Cellulose. – 2013. – Vol. 20. – P. 1629-1637

70 Hohne G.W.H., Hemminger W.F., Flammersheim H.J.. Differential Scanning Calorimetry. Second Edition. Springer, Berlin, 2003

71 Opfermann, J., Kinetic Analysis Using Multivariate Non-Linear Regression. I. Basic Concepts. J. Therm. Anal. Cal., 2000. 60: p. 641 – 658

72 Муллина Э.Р., Чупрова Л.В., Мишурина О.А., Ершова О.В. Исследования возможности улучшения эксплуатационных свойств упаковочных материалов путем химической модификации сорбционных

показателей бумаги-основы // Современные проблемы науки и образования. – 2015. – № 1-1

73 Fernanda B. Haffner, Valerie D. Mitchell, Rebecca A. Arundale, Stefan Bauer. Compositional analysis of *Miscanthus giganteus* by near infrared spectroscopy // Cellulose. – 2013. – Vol. 20. – P. 1629-1637.

74 Roberts S. Towards a sustainable paper cycle: The potential of the non-wood fibre paper section, sib-study series, 1996. – 56p.

75 Новый справочник химика и технолога. Сырье и продукты промышленности органических и неорганических веществ. Ч. II. – Спб.: АНО НПО «Профессионал», 2005, 2007. – 1142 с

76 Карлссон Х. Гид по волокну. Анализ волокна и его применение в ЦБП: справочное руководство / пер. с англ. А.М. Кряжева. Kista Snabbtryck, Sweden, 2008. 118 с

77 Денисова М.Н., Павлов И.Н., Будаева В.В., Сакович Г.В. Структурно-размерные характеристики волокон гидротропной целлюлозы // Ползуновский вестник. 2015. Т. 1, № 4. С. 83–87

78 Вшивкова Н.А., Пен Р.З., Каретникова Н.В. Свойства пероксидной целлюлозы из однолетних растений // Химия растительного сырья. 2013. № 2. С. 37–41.

79 Багровская Н.А., Алексеева О.В., Рожкова О.В., Родионова А.Н., Лилин С.А. Извлечение ионов тяжелых металлов целлюлозосодержащими материалами // Физикохимия поверхности и защита материалов. 2008. Т. 44, № 4. С. 423–426.

Отчет подobia



Университет:	Satbayev University
Название:	Қарасора арамшөбінен сілтілі органосольвенттік әдісімен алынған техникалық целлюлозаның физика-химиялық қасиеттерін зерттеу
Автор:	Қалдыбаева Айжан Дәлелбекқызы
Координатор:	Жанар Ибраева
Дата отчета:	2019-05-30 09:27:58
Коэффициент подobia № 1: ?	1,6%
Коэффициент подobia № 2: ?	0,5%
Длина фразы для коэффициента подobia № 2: ?	25
Количество слов:	12 397
Число знаков:	99 325
Адреса пропущенные при проверке:	
Количество завершенных проверок: ?	96



К вашему сведению, некоторые слова в этом документе содержат буквы из других алфавитов. Возможно - это попытка скрыть позаимствованный текст. Документ был проверен путем замещения этих букв латинским эквивалентом. Пожалуйста, уделите особое внимание этим частям отчета. Они выделены соответственно.
Количество выделенных слов 11

>>

Самые длинные фрагменты, определенные, как подобные

**ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ
ПІКІРІ**

Қалдыбаева Айжан Дәлелбекқызының

магистрлік диссертациясына

6M072200 – Полиграфия

Тақырыбы: «Қарасора арамшөбінен сілтілі органосольвенттік әдісімен алынған техникалық целлюлозаның физика-химиялық қасиеттерін зерттеу»

Қалдыбаева А.Д. диссертациялық зерттеуі қарасора арамшөбінен сілтілі органосольвенттік әдіспен алынған целлюлоздық материалдың физика-химиялық қасиеттерін зерттеуге арналған.

Целлюлозаны ағаштекті емес шикізаттан алуды дәстүрлі сілтілік делигнификациялау әдістерімен қатар заманауи әдістермен де орындауға болады. Делигнификацияның заманауи әдістері экологиялық жағынан қауіпі аз сонымен қатар, бір кезеңде бірегей қасиеттерге ие техникалық целлюлозаны жоғары көлемде құрамында хлорлы қосылыстары бар заттарды пайдаланбай өндіруге мүмкіндік береді. Алайда, целлюлозалы материалды алуды әзірлеуде технологиялық аспектілердің, оған қоса қасиеттерін зерттеуде жүйелі деректерінің болмауы өндіріске кеңінен ендіріп қолданылуына кедергі келтіреді. Бұл жарма және дәнді дақылдардың қалдықтарын өндеуде алынатын целлюлозалық материалдардың физика-химиялық қасиеттерін зерттеуге арналған Қалдыбаева А.Д. диссертациялық зерттеуінің өзектілігіне дәлел.

Магистрантпен келесі жұмыстар атқарылған: Қазақстан Республикасында өсетін әртүрлі ағаш емес бір жылдық өсімдіктерден (қарасора арамшөп, қамыс, күріш қауызы) сілтілі органосольвентті әдіспен алынған целлюлоздық материалдардың физика-химиялық қасиеттері зерттелген; ағаш емес өсімдік шикізатынан алынған қағаздың талшықты және талшықты емес бөлігінің оптималды құрамы таңдалған; ИҚ-спектроскопия мен растрлық электрондық микроскопты қолдану арқылы целлюлоза талшықтары зерттелген, ТГТ және ДСК әдістерімен әртүрлі ағаш емес шикізаттан алынған целлюлозаның термиялық қасиеттері зерттелген және т.б.

Жұмысты орындау барысында Қалдыбаева А. Жоғарғы теориялық дайындық, қойылған мақсаттарға жетуде табандылық, жұмысқа қабілеттілік, топта жұмыс істеу қабілетін көрсетті.

Диссертациялық жұмыс қазіргі күндегі полиграфиялық материалтанудың актуалды мәселесі бойынша жасалған, аяқталған өзіндік жұмыс болып табылады.

Магистрант Қалдыбаева А.Д. 6М072200 – Полиграфия мамандығы бойынша магистр академиялық дәрежесін алуға лайықты деп, ал магистрлік диссертация «өте жақсы» деп бағалана алады деп санаймын (95%).

Ғылыми жетекші

«Көлік техникасы»

кафедрасының қауымдас.профессор

Х.Ғ.К., доцент


Ибраева Ж.Е.
(қолы)

«20»  2019 ж.

РЕЦЕНЗИЯ

Қалдыбаева Айжан Дәлелбекқызының магистрлік диссертациясына.

6М072200 – Полиграфия

тақырыбы: «Қарасора арамшөбінен сілтілі органосольвенттік әдісімен алынған техникалық целлюлозаның физика-химиялық қасиеттерін зерттеу»

Орындалды:

а) графикалық бөлімде _____ сурет

б) түсіндірме жазба _____ бетте

ЖҰМЫСҚА ЕСКЕРТУЛЕР

Қалдыбаева А. диссертациялық зерттеуі сілтілі органосольвенттік әдісімен қарасора арамшөбінен алынған өнеркәсіптік целлюлозаның физика-химиялық қасиеттерін зерттеуге арналған.

Ескерту ретінде диссертацияның теориялық бөлігінде отандық зерттеушілердің шығармаларына сілтемелердің жеткіліксіз екенін және де белгілі бір оқу материалдарының кемшілігі бар. Сонымен қатар, аздаған стилистикалық және грамматикалық қателер бар.

Жұмысты бағалау

Қалдыбаева А. диссертациялық зерттеуі Қазақстан Республикасының территориясында өсетін, ағаш текті емес бір жылдық өсімдік шикізатының (қарасора арамшөбі, қамыс, күріш кебегі) әртүрлі түрінен алынған целлюлозалы материалдардың физико-химиялық қасиеттерін зерттеуге арналған. Зерттеуге таңдалып алынған бағыт карбоксиметилцеллюлозаны, сорбенттер мен қағазды және т.б. өндіру үшін қолданылатын, импортты қымбат мақта мен ағашты алмастыруға, шикізат базасын кеңейтуде экологиялық қауіпсіз техникалық целлюлозаны алу және оның физико-химиялық қасиеттерін зерттеу маңызды мәселе болып табылады. Өзектілігі, практикалық маңыздылығы, орындалған зерттеу көлемі бойынша жұмыс қойылған талаптарға сай келеді.

Магистрант Қалдыбаева А. Д 6М072200 – Полиграфия мамандығы бойынша магистр академиялық дәрежесін алуға лайықты, ал магистрлік диссертация «өте жақсы» бағасына бағалана алады.

Рецензент

«Д.В. Сокольский атындағы
жанармай, катализ және
электрохимия институты» АҚ
аға ғылыми қызметкері, х.ғ.к.

(қолы)

А.И.Джумекеева

« ____ »

2019ж.